

Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізу тәртібін 55-б. қараңыз.

Колданушылар назарына!

Колданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бұкіл мәтін бойынша "ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық)", "ауылдың (селоның), ауылдық (селолық)", "ауылдық (селолық)" деген сөздер тиісінше "ауылдардың, ауылдық", "ауылдың, ауылдық", "ауылдық" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Бұкіл мәтін бойынша "жоғары оқу орны", "жоғары оқу орындарында", "жоғары оқу орнын", "жоғары оқу орындарының" деген сөздер тиісінше "жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімі", "жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдарында", "жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімін", "жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдарының" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери қызметті өткеруі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және әскери қызметшілерді әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі мемлекеттік саясат негіздерін айқындайды.

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) адъюнкт – жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын шетелдік әскери оқу орнында білім алып жатқан офицерлік және сержанттық құрамдардың әскери қызметшісі;

1-1) азаматтық персонал адамдары (жұмыскерлер) – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда (бұдан әрі – Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар) мемлекеттік қызметтегі немесе енбек қатынастарында тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары;

2) ауыспалы құрам – Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың штат санына кірмейтін әскери, арнаулы оқу орындарында білім алып жатқан Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар әскери қызметшілерінің санаты;

3) әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер – осы Занда көзделген мерзімге Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға әскери қызметке шақырылған Қазақстан Республикасының азаматтары;

4) әскерге шақыруды кейінге қалдыру – осы Занда көзделген негіздер бойынша азаматтарды әскери қызметке шақыру мерзімін ауыстыру;

5) әскерге шақыру жасына дейінгілер – әскерге шақыру жасына толғанға дейін әскери қызметке даярлықтан өтетін Қазақстан Республикасының ер азаматтары;

6) әскерге шақырылушылар – жергілікті әскери басқару органдарында әскери есепте тұратын және мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын Қазақстан Республикасының ер азаматтары;

7) әскери атақ – әскери қызметшіге және әскери міндеттіге берілетін әскери айырым белгісі;

8) әскери билет – азаматтың әскери қызметке тиесілігін және әскери міндеттілікке қатыстылығын айқындайтын бірынғай мерзімсіз жеке есептік-әскери құжаты;

9) әскери бөлімнің (мекеменің) штаты – құрамды, ұйымдық-штаттық құрылымды, жеке құрамның санын және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қару-жарақ пен әскери техникасы кадастрына сәйкес бекітіп берілген негізгі қару-жарақ пен әскери техниканың санын айқындайтын құжат;

10) әскери есепке алу – әскерге шақырылушылар, әскери қызметшілер мен жұмылдыру ресурстары туралы сандық және сапалық деректерді есепке алу және талдау жүйесі;

11) әскери жиындар – әскери міндеттілер мен азаматтардың әскери білім алуы және оны жетілдіруі мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зандарында көзделген өзге де жағдайларда әскери басқару органдары, уәкілетті мемлекеттік органдар әскери даярлық бойынша өткізетін іс-шаралар.

Әскери жиындар:

оқу-жаттығу жиындары – әскери міндеттілерді даярлау және қайта даярлау мақсатында өткізілетін әскери жиындар түрі;

тексеру жиындары – соғыс уақытының ұйымдастырушылық-штаттық құрылымында міндеттерді орындауға арналған, әскери бөлімдердің әзірлігін тексеру мақсатында өткізілетін әскери жиындар түрі;

арнайы жиындар – төтенше жағдай режимін енгізу және қамтамасыз ету, төтенше жағдайлар мен олардың салдарын жою жөніндегі іс-шараларды орындау мақсатында және Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де жағдайларда өткізілетін әскери жиындар түрі болып бөлінеді;

12) әскери интерн – әскери интернатурада білім алып жатқан әскери қызметші;

13) әскери интернатура – жоғары әскери оқу орнының құрылымдық бөлімшесі жүзеге асыратын, клиникалық практикаға рұқсат алу үшін әскери қызметшілерді базалық жоғары медициналық білім беру шеңберінде клиникалық мамандықтар бойынша даярлау нысаны;

14) әскери кафедра (әскери факультет) – запастағы офицерлер және (немесе) запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша студенттерді әскери даярлауды және әскери-патриоттық тәрбиелеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесі;

15) әскери киім нысаны – Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен, әскери қызметшілердің Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға тиесілігін айқындайтын, ерекшелік және айырым белгілері бар нысанды киім (киім-кешек) және жабдық;

16) әскери қызмет – егемендікті, аумақтық тұтастықты және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының қол сұғылмаушылығын қарулы қорғаумен байланысты әскери қауіпсіздікті тікелей қамтамасыз етуте бағытталған Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар әскери қызметшілерінің мемлекеттік қызметінің ерекше түрі;

17) әскери қызмет мерзімі – Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызметші мәртебесінде әскери қызмет өткерудің бүкіл кезеңі;

18) әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт – уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының азаматы арасындағы азаматтың әскери қызметті өткеру кезеңіне тараپтардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін белгілейтін ерікті түрде әскери қызмет өткеру туралы шарт;

19) әскери қызметтен шығару – әскери қызметшіні осы Занда көзделген негіздер бойынша запасқа қойып немесе отставкаға шығара отырып, әскери бөлімнің (мекеменің) тізімдерінен алып тастау;

20) әскери қызметшілер – Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызметте болатын Қазақстан Республикасының азаматтары;

21) әскери лауазым – әскери қызмет функцияларын орындау үшін лауазымдық өкілеттіктер, лауазымдық және арнайы міндеттер жүктелген Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың штаттық бірлігі;

22) әскери міндеттілер – әскери есепте тұратын және әскери есепте тұрудың шекті жасына дейін запаста болатын Қазақстан Республикасының азаматтары;

23) әскери міндеттілер запасы (бұдан әрі – запас) – аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті әскери басқару органдарында әскери есепте тұратын, жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды толық жасақтау, жұмылдыра өрістету және

шығынының орнын толтыру мақсатында пайдаланылатын, осы Занда белгіленген жастағы әскери міндептілер;

24) әскери міндептілік – Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасын қорғау жөніндегі конституциялық міндепті;

25) әскери оқу орны – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне және Ұлттық ұланына ведомствоның бағынысты және әртүрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімі;

25-1) әскери оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы – Қарулы Күштердің білім беру, ғылыми, әдістемелік қызметпен айналысатын әскери қызметшілері мен азаматтық персонал адамдары;

25-2) әскери-оқу практикасы – әскери даярлықтың тиісті бағдарламасы бойынша теориялық білімді, машиқтарды бекітуге, практикалық дағдыларды меңгеру мен дамытуға бағытталған оқу қызметінің түрі;

25-3) әскери резидент-дәрігер – медициналық үйім тәлімгерінің қадағалауымен резидентураның білім беру бағдарламасы шенберінде білім алатын әскери қызметші;

3КАИ-ның ескертпесі!

26) тармақшаның қолданысы 01.09.2026 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұрган кезеңінде осы редакцияда қолданыста болады – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII Занымен.

26) бастапқы әскери және технологиялық даярлық – орта, техникалық және кәсіптік білім беру үйімдарында білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындастын әскери іс негіздері, робот техникасы және IT-технологиялар бойынша міндепті оқыту пәні (оқу пәні);

26-1) дағдарыстық ахуал кезіндегі жиындар – дағдарыстық ахуалды оқшаулауға және жоюға қатысу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зандарында көзделген өзге де жағдайларда резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілермен өткізілетін іс-шаралар;

26-2) далалық төлемдер – әскери қызметшілерге (мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілерін, әскери оқу орындарының курсанттары мен кадеттерін, әскери жиындарға шақырылған әскери міндептілерді, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда) бір тәуліктен астам далалық шығу, теңізге шығу, оку-жаттығуларға немесе кемелердің жорықтарына қатысу кезеңінде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын төлемдер;

27) далалық шығу – далалық жағдайларда жауынгерлік, жұмылдыру және жедел дайындық бағдарламалары бойынша сабактар, сондай-ақ Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың мұддесінде арнайы далалық жұмыстарды орындау;

28) докторант – докторантурада білім алып жатқан әскери қызметші;

29) еңбек сінірген жылдары – азаматтың әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте,

фельдъегерлік қызметте, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда қызметте болуының күнтізбелікпен де, жеңілдікпен де есептеп шығарылатын ұзақтығы;

30) жалпыға бірдей әскери оқыту – Қазақстан Республикасының азаматтарын соғыс жағдайы енгізілген кезеңде әскери даярлыққа міндettі оқыту;

ЗҚАИ-ның әскертпесі!

30-1) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

30-1) жауынгерлік даярлық бойынша жиындар – жауынгерлік даярлық бағдарламалары бойынша резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілермен өткізілетін іс-шаралар;

ЗҚАИ-ның әскертпесі!

30-2) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

30-3) жауынгерлік даярлық бойынша жиындар – резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілермен жауынгерлік даярлық бағдарламалары бойынша өткізілетін іс-шаралар;

31) жеке құрам – әскери қызметшілер және азаматтық персонал адамдары (жұмыскерлер);

32) кадет – техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орнында білім алғып жатқан әскери қызметші;

33) келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер – осы Заңда айқындалатын мерзімге Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға әскери қызметке ерікті түрде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары;

34) курсант – жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнаулы оқу орнында немесе шетелдік әскери оқу орнында білім алғып жатқан, оны бітіргеннен кейін офицерлік құрамның бірінші әскери атағы берілетін әскери қызметші;

35) курстық даярлық – белгілі бір әскери-есептік мамандықтар бойынша әскери білім мен дағдыларды алуға, сақтауға және жетілдіруге бағытталған, мыналарда:

әскери қызметшілер үшін әскери оқу орындарында, әскери басқару органдарының оқу орталықтарында, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымында немесе халықаралық шарттарға немесе шақыруларға сәйкес шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарында;

әскери міндettілер үшін әскери оқу орындарында, Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жанындағы әскери кафедраларда (әскери факультеттерде) немесе Қазақстан

Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымында жүзеге асырылатын әскери қызметшілер мен әскери міндеттілерге қосымша білім беру нысаны ;

35-1) алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 156-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

35-2) қатардағы жауынгерлер (матростар) – қатардағы құрамның тиісті әскери атақтары берілген әскери қызметшілер;

36) қолданыстағы резерв – барлау қызметі шеңберінде жүктелген жедел міндеттерді орындайтын әскери қызметшілер;

37) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымы – азаматтарды әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауды, қайта даярлауды, әскери қызметшілер мен әскери міндеттілерді курстық даярлықты, оның ішінде көлік құралдарын басқару бойынша даярлауды өтеусіз, өтеулі негіздерде жүзеге асыратын ұйым;

38) магистрант – магистратурада білім алып жатқан әскери қызметші;

39) мерзімді әскери қызмет – ер азаматтарды осы Заңда айқындалған тәртіппен Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға қатардағы және сержанттық құрамдардың әскери лауазымдарына шақыруға негізделген әскери қызмет;

40) отставка – әскери қызметтен шығарылған немесе әскери есептен алып тасталған , запаста болудың шекті жасына толған адамдардың не әскери есептен алып тасталып, әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдардың жағдайы;

41) офицерлер – офицерлік құрамның тиісті әскери атақтары берілген әскери қызметшілер;

42) психофизиологиялық және полиграфологиялық зерттеулер – Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері мен азаматтарының жеке психологиялық және психофизиологиялық қасиеттерін жан-жақты бағалауға бағытталған, тізбесін үәкілдемі органның басшысы бекітетін лауазымдарда әскери қызмет өткеру үшін іріктеу кезінде жүзеге асырылатын тексеру іс-шараларының жиынтығы;

42-1) резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілер (бұдан әрі – резервтегі әскери адамдар) – Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға резервтегі әскери қызметке өз еркімен кірген Қазақстан Республикасының азаматтары;

43) ротация – әскери қызметшілерді Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы тең және өзге де лауазымдарға ауыстыру;

44) алып тасталды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

45) сержанттар (старшиналар) – сержанттық құрамның тиісті әскери атақтары берілген әскери қызметшілер;

46) алып тасталды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

47) теңізге шығу – міндеттерді орындау үшін корабльдер, катерлер мен кемелер еkipаждарының, әскери қызметшілердің теңізге шығуы;

48) уәкілетті лауазымды адам – Әскери қызмет өткеру қағидаларында айқындалатын тәртіппен әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт немесе резервтегі әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт жасасу құқығы берілген лауазымды адам;

49) уәкілетті орган – құрылымында әскери қызмет өткеру көзделген мемлекеттік орган;

50) ұйымдастыруышылық-штаттық іс-шаралар – Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда мемлекеттік мекемелерді және олардың құрылымдық бөлімшелерін құру, тарату, қайта ұйымдастыру, орнын ауыстыру, бағыныстырынын өзгерту, штаттарын өзгерту бойынша, сондай-ақ Қарулы Күштердің, басқа да әскерлермен әскери құралымдардың құрамы мен штат санын өзгерту бойынша жүргізілетін іс-шаралар;

51) ұлан – негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын, әскери оқу орнының бірінші немесе екінші курсында білім алып жатқан адам.

52) штаттан тыс құрамның әскери лауазымы – әскери кафедраның (әскери факультеттің) студенттерді әскери даярлау және әскери-патриоттық тәрбиелеу жөніндегі лауазымдық өкілеттіктер жүктелген штат бірлігі.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР 02.07.2018 № 165-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2018 № 171-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2024 № 74-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 156-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қарулы Құштердегі әскери қызметтің құқықтық негізі

1. Қарулы Құштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы әскери қызметтің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заңда көзделген ерекшеліктерімен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының қызметтің реттейтін Қазақстан Республикасының заңдары және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңдан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 156-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

3-бап. Әскери қызмет және әскери қызметшілер мәртебесінің қағидаттары

Әскери қызмет және әскери қызметшілер мәртебесінің қағидаттары:

1) заңдылық;

2) әскери қызметшілердің алдына қойылған міндеттерді орындау үшін әскери қызмет өткеру шарттарын ескере отырып, оларды толық, жеткілікті және уақтылы қамтамасыз ету;

3) әскери қызметшінің құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық және өзге де заңға қарсы қол сұғышылықтан қорғау, әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде оған қол сұғылмаушылық;

4) дара басшылық және дәреже сатысы;

5) саяси партиялар және өзге де қоғамдық бірлестіктер қызметіне тәуелді болмау болып табылады.

4-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

Осы Заң Қазақстан Республикасының барлық әскери қызметшілеріне, оның ішінде Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес біріккен (коалициялық) қарулы құштер, сондай-ақ бітімгершілік құштер құрамында әскери қызмет өткеретін Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне қолданылады.

Осы Заңның күші мемлекеттік қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде саяси мемлекеттік қызметшілерге қолданылады.

Осы Заңның әскери қызметшілерді әлеуметтік қамсыздандыру туралы жекелеген ережелері мен нормалары олардың отбасы мүшелеріне, әскери қызметтен шығарылған адамдарға, сондай-ақ әскери қызмет өткеру кезеңінде қаза тапқан, қайтыс болған,

хабар-ошарсыз кеткен немесе әскери қызмет міндеттерін орындау нәтижесінде мүгедектік белгіленген әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне қолданылады.

Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы әскери қызметтен шығарылған және басқа мемлекеттерге тұрақты тұруға қоныс аударған Қазақстан Республикасы азаматтарының мәртебесі тұрақты тұру үшін таңдалған мемлекеттермен жасалған Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

5-бап. Әскери қызметшінің мәртебесі

1. Әскери қызметшінің мәртебесі зандарада белгіленген алып тастауларымен және шектеулерімен Қазақстан Республикасының азаматы ретінде әскери қызметшінің жалпы құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін, сондай-ақ әскери қызмет ерекшеліктерімен негізделген оның құқықтарын, міндеттері мен жауаптылығын қамтиды.

Әскери қызметшілердің құқықтары мен бостандықтарын алып тастаулар мен шектеулер, ерекше міндеттері мен жауаптылығы осы Занда белгіленген қосымша құқықтармен және жеңілдіктермен өтеледі.

Әскери қызметші мәртебесіне мына азаматтар:

әскери қызметке (жиындарға) шақырылғандар – жергілікті әскери басқару органынан әскери қызмет (жиындарды) өткеру орнына кету туралы тиісті бастықтың бұйрығы шыққан күннен бастап;

келісімшарт бойынша әскери қызметке түскендер – әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бөлім жеке құрамының тізіміне қабылдау туралы бұйрығы шыққан күннен бастап;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнаулы оқу орындарына түскендер, егер бұған дейін олар әскери қызметшілер болып табылмаса – әскери, арнаулы оқу орындары үшін, ұландарды қоспағанда, оқу құрамының тізімдеріне қабылдау туралы әскери, арнаулы оқу орны бастығының бұйрығы шыққан күннен бастап, ал шетелдік әскери оқу орнына түскен кезде – уәкілетті орган басшысының оқуға жіберу туралы бұйрығы шыққан күннен бастап;

негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарында оқудың екінші курсын

аяқтаған ұландар әскери оқу орны бастығының оқуды жалғастыру, үшінші курсқа ауыстыру және ауыспалы құрамның кадеті әскери лауазымына тағайындау туралы бұйрығы шыққан күннен бастап;

резервтегі әскери адамдар – жауынгерлік даярлық бойынша сабактарға немесе жиындарға, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындарға келу туралы әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бұйрығы шыққан күннен бастап ие болады.

Азамат әскери қызметтен шығарылуға (әскери жиындардың аяқталуына) байланысты әскери бөлімнің (мекеменің) тізімдерінен алып тасталған күннен бастап, сондай-ақ Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына, азаматтық қорғау органдарына қызметке ауыстырылған жағдайда әскери қызметші мәртебесін жоғалтады.

Резервтегі әскери адам әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) жауынгерлік даярлық бойынша сабактарды немесе жиындарды, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындарды аяқтау туралы бұйрығы шыққан күннен бастап не резервтегі әскери қызметтен шығарылуына байланысты әскери бөлім (мекеме) тізімдерінен алып тасталған күннен бастап әскери қызметші мәртебесін жоғалтады.

2. Әскери қызметшілер әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде мемлекеттің қорғауында болады. Олар жалпы әскери жарғыларға сәйкес олар үшін бастықтар болып табылатын адамдарға ғана бағынады және Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа ешкім де олардың қызметтік істеріне араласуға құқылы емес.

3. Әскери қызметші:

1) лауазымдық міндеттерін орындаған;

2) жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан, төтенше немесе соғыс жағдайында, сондай-ақ қарулы жанжалдар жағдайларында міндеттер орындаған;

3) бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі бітімгершілік операцияларына қатысқан;

4) террорға қарсы операцияларға қатысқан;

5) төтенше жағдайларды жоюға қатысқан;

6) далалық шығуда (теңізге шығуда) болған оқу-жаттығуларға немесе корабльдердің жорықтарына қатысқан;

7) күн тәртібімен белгіленген қызмет уақыты ішінде немесе қызметтік қажеттілікten туындаған басқа да уақытта әскери бөлімнің (мекеменің) аумағында болған;

8) қызметтік іссапарда болған;

9) қызмет орнына барған және кері қайтқан;

10) емделуде болған, емделу орнына барған және кері қайтқан;

11) әскери жиындардан өткен;

12) тұтқында, кепілде немесе еркінен айырылу жағдайында болған;

13) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқықтық тәртіпті қүзету және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша құқық қорғау органдарына көмек көрсеткен;

14) қолданыстағы резервте болған;

15) біліктілігін арттыруда, курстық даярлықта, қайта даярлауда, қайта мамандандыруда, оқуда, әскери тағылымдамада болған;

16) зерттеулер жүргізген, әскери және басқа сынақтарда болған жағдайларда әскери қызмет міндеттерін орындауда болады.

Офицерлер құрамын әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілердің мәртебесі келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің мәртебесімен айқындалады.

Мерзімді қызмет әскери қызметшісі мерзімді қызмет өткерудің барлық уақыты ішінде, ал әскери міндетті – әскери жиындарды өткерудің барлық уақыты ішінде әскери қызмет міндеттерін орындауда болады.

Резервтегі әскери адамдар әскери бөлімде (мекемеде) жауынгерлік даярлық бойынша сабактарда немесе жиындарда, сондай-ақ дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындарда болған кезеңдерде әскери қызмет міндеттерін орындауда болады.

4. Командирлерге (бастықтарға) әскери қызмет міндеттерін орындауға қатысы жоқ немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға бағытталған бұйрықтар (бұйырулар) мен өкімдер беруге тыйым салынады.

5. Әскери қызметшілерге олардың мәртебесін куәландыру үшін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жеке нөмірлері бар жетондар, әскери қызметшінің жеке куәліктері (әскери билеттер) және (немесе) қызметтік куәліктер беріледі.

6. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдарының жедел-іздестіру және барлау қызметін жүзеге асыруға уәкілеттік берілген офицерлік құрамының әскери қызметшілеріне олардың жеке басын және өкілеттіктерін растау үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери барлау органдарының қызметтік куәліктері беріледі.

Қызметтік куәлікті беру, пайдалану тәртібін және оның сипаттамасын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі айқындаиды.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдарының әскери қызметшісінің қызметтік куәлігі оның қаруды, арнайы құралдарды алып жүру және сақтау құқығын, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оған берілген өзге де өкілеттіктерін растайды.

7. Заңнамалық түрғыдан бекітіп берілген міндеттерді орындау мақсатында әскери полиция, әскери прокуратура органдарының және әскери-тергеу органдарының әскери қызметшілеріне өздерінің жеке басын және өкілеттіктерін растау үшін қызметтік куәліктер мен жетондар беріледі.

Қызметтік қуәліктер мен жетонды беру, пайдалану тәртібін және олардың сипаттамасын уәкілетті органдарының басшысы айқындайды.

Әскери полиция, әскери прокуратура органдарының және әскери-тергеу органдарының әскери қызметшілерінің қызметтік қуәлігі олардың қаруды, арнайы құралдарды алып жүру және сақтау құқығын, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әскери қызметшілер мен қызметкерлерге берілген өзге де өкілеттіктерді растайды.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.11.2015 № 398-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.03.2023 № 206-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

6-бап. Әскери қызметшілердің құқықтары

1. Әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының Конституациясында және заңнамасында көзделген барлық құқықтар мен бостандықтарды Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалған шектеулерді ескере отырып пайдаланады.

Әскери қызметшілердің:

1) Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын Қазақстан Республикасы органдары жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде уәкілетті органдардың бірінші басшылары көздеген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен ақшалай ризықпен қамтамасыз етілуге;

2) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен нормалар бойынша бюджет қаражаты есебінен заттай және басқа да мүлік түрлерімен қамтамасыз етілуге.

3) біліктілігін, қабілетін, өз лауазымдық міндеттерін адал орындауын ескере отырып, қызметі бойынша жоғарылатылуға;

3-1) өздеріне қатысты қабылданған шешімдер мен әрекеттерге (әрекетсіздікке) жоғары тұрған лауазымды адамдарға, сондай-ақ сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, уәкілетті лауазымды адаммен келісу бойынша әскери, арнаулы оқу орындарына түсуге, курстық даярлаудан, кәсіптік даярлаудан, қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өтуге,

сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары окуорнынан кейінгі білімнің оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына әскери емес мамандықтар бойынша түсуге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден, курсанттар мен кадеттерден басқа);

5) денсаулығын сақтауға және қауіпсіздік техникасы мен гигиена талаптарына сай келетін қызмет жағдайларына;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен әскери қызмет міндеттерін орындаған кезде өмірі мен денсаулығына немесе жеке мүлкіне келтірілген зиянның өтелуіне;

7) осы Заңға сәйкес әскери қызмет өткери кезеңінде тұрғынжаймен қамтамасыз етілуге;

8) әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде арнаулы құралдарды, қаруды сақтауға, алып жүргүге және қолдануға;

9) өздерінің құқықтарын, лауазымдық және арнайы міндеттерін айқындайтын құжаттармен танысуға;

10) жеке ісіне енгізілгенге дейін өздерінің қызметтік жұмысы туралы пікірлермен және басқа да құжаттармен, жеке іс материалдарымен (мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын арнайы тексеру материалдарын қоспағанда) танысуға, сондай-ақ жеке іске өздерінің жазбаша түсініктемелерін, басқа да құжаттар мен материалдарды қосуға;

11) өзінің және өз отбасы мүшелерінің дербес деректерінің қорғалуына;

12) медициналық қамтамасыз етілуге және санаториялық-курорттық емделуге;

13) зейнетақымен қамсыздандырылуға және әлеуметтік қорғалуға;

14) әскери қызмет ерекшеліктері ескеріле отырып, тиісінше ұйымдастыруышылық-техникалық және санитариялық жағдайларына;

15) демалысқа;

16) медициналық, педагогтік, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар.

Осы тармақтың 1), 7), 13) (еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері бөлігінде), 15) (жыл сайынғы еңбек демалысын беру бөлігінде) және 16) тармақшаларының күші резервтегі әскери адамға қолданылмайды.

2. Әскери қызметшілердің қару алып жүру қағидалары жалпы әскери жарғыларда айқындалады. Әскери қызметшілердің соңғы шара ретінде мынадай:

1) күзетілетін әскери және азаматтық объектілерге, қарауылдарға, әскери бөлімдердің (мекемелердің) үй-жайлары мен құрылыштарына қарулы шабуыл жасауға тойтарыс беру;

2) қаруды және әскери техниканы күшпен тартып алу әрекетінің жолын кесу;

3) әскери қызметшілер мен азаматтық адамдарды, егер өзге тәсілдермен және құралдармен оларды қорғау мүмкін болмаса, олардың өміріне немесе денсаулығына

қатер төндіретін шабуыл жасаудан, оның ішінде жануарлардың шабуыл жасауынан қорғау;

4) егер өзге тәсілдермен және құралдармен қылмыскердің қарсылығын еңсеру, ұстай немесе қаруын алу мүмкін болмаса, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған, қарулы қарсылық көрсететін не ауыр, аса ауыр қылмыс жасау кезінде қолға түскен адамды, сондай-ақ қаруды тапсыру туралы занды талаптарды орындаудан бас тартқан қаруланған адамды ұстап алу;

5) кепілге алынғандарды, басып алынған күзетіletіn объектілерді, құрылыштар мен арнайы (әскери) жүктегерді босату;

6) өздеріне қатысты күзетпен ұстай түрінде бұлтартпау шарасы таңдалған адамдардың күзеттен қашуының жолын кесу, бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардың қашып кетуінің жолын кесу, сондай-ақ оларды құштеп босатуға жасалған әрекеттердің жолын кесу;

7) дабыл белгілерін беру немесе көмекке шақыру;

8) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында жеке немесе бөлімше құрамында қару қолдануға құқығы бар.

Кенеттен қарулы шабуыл жасауды, жауынгерлік техниканы, көлік құралдарын, теңіз және өзен кемелерін пайдалана отырып шабуыл жасауды, сондай-ақ қамаудан қарумен қашып шығуды қоспағанда, қару қолданбай тұрып, оны қолдану ниеті туралы ескерту жасау көзделуге тиіс.

Әскери қызметші қаруды қолданған және пайдаланған кезде айналасындағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін болатын шараларды қолдануға, ал қажет болған жағдайда зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсетуге міндетті.

Әйелдер мен кәмелетке толмағандар әскери қызметшінің немесе басқа да адамдардың өміріне қатер төндіретін терроризм актісін, қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен не топтасып шабуыл жасаған, егер ондай шабуыл жасауға өзге де тәсілдермен және құралдармен тойтарыс беру мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда, оларға қатысты қару қолдануға тыйым салынады.

Әскери қызметші қару қолданудың немесе пайдаланудың әрбір жағдайы туралы командирге (бастыққа) баяндайды.

3. Әскери қызметшілердің өзге де құқықтары Қазақстан Республикасының зандарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде белгіленуі мүмкін

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

7-бап. Әскери қызметшілердің жалпы міндеттері

1. Әскери қызметші:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және басқа да нормативтік құқықтық актілерін сақтауға, сондай-ақ жалпыәскери жарғылардың талаптарын сақтауға;

2) белгіленген тәртіппен әскери ант қабылдауға;

3) командирлердің (бастықтардың) бұйрықтарын дәлме-дәл және мерзімінде орындауға;

3-1) Әскери қызмет өткеру қағидаларында айқындалатын тәртіппен және мерзімдерде өзін ротациялау туралы уәкілетті орган басшысының шешімін орындауға;

4) Қарулы Құштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери бөлімдері мен бөлімшелері, халықаралық шарттарға сәйкес біріккен (коалициялық) қарулы құштер құрамында қарулы жанжалдарға қатысуға;

5) тәртіпті, қырағы болуға және мемлекеттік құпиялардың жария етілуіне жол бермеуге;

6) әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт талаптарын сақтауға;

7) әскери киім нысанын киіп жүру қағидаларын сақтауға;

8) уәкілетті органдардың басшылары бекітетін дене дайындығы жөніндегі нормативтердің талаптарын сақтауға және орындауға;

9) өзіне сеніп берілген қаруды, қару-жарақ пен әскери техниканы қолдана білуге, оның сақталуын және дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қызметтік әдеп нормаларын сақтауға;

11) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді қабылдауға;

12) әскери мұліктің сақталуын қамтамасыз етуге;

13) әскери қызметшінің жеке мұдделері өзінің лауазымдық өкілеттігімен ұштасатын немесе оларға қайшы келетін жағдайларда жазбаша нысанда баянат беруге және командирге (бастыққа) деру хабарлауға;

14) әскери қызмет мұдделеріне зиян келтіретін жария сөйлеуге жол бермеуге;

15) командирге (бастыққа):

шет мемлекеттің азаматтығын қабылдау ниеті;

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтініш бергені;

егер өзіне белгілі болса, зайыбының (жұбайының) немесе өзінің жақын туыстарының шет мемлекеттің азаматтығын қабылдау ниеті және (немесе) олардың

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтініш бергені туралы жазбаша нысанда дереу хабарлауға;

16) теріс себептер, атtestаттаудың қорытындысы бойынша анықталған қызметіне сай келмеуі бойынша, Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылуына байланысты әскери қызметтен шығарылған кезде уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындаған тәртіппен мемлекетке:

өзін әскери, арнаулы оқу орнында, оның ішінде шет мемлекетте оқытуға, біліктілігін арттыруға, курстық даярлауға, әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша қайта даярлауға жұмсалған ақшаны;

Қазақстан Республикасы мен оқытатын ел арасында жасалған шарт сомасына барабар ақшаны өтеуге міндетті.

2. Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар лауазымды адамдарының лауазымдық және арнайы міндеттері жалпы әскери жарғыларда айқындалады.

3. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметші әскери қызметке кіргеннен кейін бір ай ішінде әскери қызмет өткеру кезеңіне әскери қызметшінің меншігінде болатын оған занды түрде тиесілі ақшаны, облигацияларды, пайлық инвестициялық қорлардың ашық және аралық пайларын, сондай-ақ оған мүліктік жалға берілген өзге де мүлікті қоспағанда, оларды пайдаланудан кіріс алынатын коммерциялық ұйымдардың акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) және өзге де мүлікті сенімгерлік басқаруға беруге міндетті. Мүлікті сенімгерлік басқару шартын нотариат куәландыруға тиіс.

4. Әскери қызметшілердің өзге де міндеттері Қазақстан Республикасының зандарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде белгіленуі мүмкін

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

7-1-бап. Әскери міндеттілердің жалпы міндеттері

1. Әскери міндетті:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заннамасын сақтауға;

2) әскери есепке алу бойынша міндеттерді сақтауға;

3) әскери білім мен дағдыларды алу, сақтау және жетілдіру үшін, оның ішінде кезекті әскери атақтар алу үшін әскери жиындардан не әскери міндеттілердің курстық даярлығынан өтуге;

4) әскери даярлық кезеңінде тәртіпті, қырағы болуға;

- 5) әскери даярлық кезеңінде әскери мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге;
 - 6) әскери даярлық кезеңінде әскери қызмет мұдделеріне зиян келтіретін жария сөйлеуге жол бермеуге міндettі.
2. Әскери жиындарға шақырылған әскери міндettілердің лауазымдық және арнаулы міндettтері жалпыәскери жарғыларда айқындалады.
3. Әскери міндettілердің өзге де міндettтері Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде белгіленуі мүмкін
- Ескерту. 7-1-баппен толықтырылды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**
Заңымен.
- 8-бап. Әскери қызмет өткерумен байланысты әскери қызметшілердің құқықтарын шектеу**
- Әскери қызметші:
- 1) өкілді органдардың депутаты және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшесі болуға, саяси партияларда, кәсіптік одақтарда, діни бірлестіктерде тұруға, қандай да бір саяси партияға қолдау білдіруге;
 - 2) әскери қызмет міндettтерін орындауға кедергі келтірмейтін медициналық, педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызмет болмаса, басқа ақылы қызметпен айналысуға;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның лауазымдық міндettтері болып табылатын жағдайларды және ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, облигацияларды, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында коммерциялық ұйымдардың акцияларын (ұйымдардың дауыс беретін акциялары жалпы санының бес пайызынан аспайтын көлемдегі жай акцияларды) сатып алу және (немесе) өткізу жағдайларын қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, оның ішінде коммерциялық ұйымның ұйымдастыру-құқықтық нысанына қарамастан, оны басқаруға қатысуға;
 - 4) заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші адамдардың істері бойынша өкіл болуға;
 - 5) әскери мүлік пен оның қызметтік істерін қамтамасыз ететін басқа да құралдарды, басқа да мемлекеттік мүлікті және қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;
 - 6) ереуілдерді, пикеттерді және өзге де наразылық акцияларын ұйымдастыруға және оған қатысуға;
 - 7) өзінің қызметтік жағдайын пайдакүнемдік мақсаттарда, оның ішінде лауазымды және өзге де адамдармен сөз байласу жолымен пайдалануға;
 - 8) өзінің жақын туыстары (ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен

апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері), жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары (жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары және балалары) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты болатын лауазымды атқаруға, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағынысында болуына;

9) психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну және масаң күйде болу фактісін анықтау үшін уәкілетті басшының жолдамасы бойынша медициналық ұйымдарда медициналық куәландырудан өтуден бас тартуға немесе жалтаруға құқылы емес.

Куәландырудан өтуден бас тарту немесе жалтару әскери қызметтен шығаруға алып келеді.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.07.2020 № 361-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.10.2020 № 365-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2024 № 74-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

2-тaraу. АЗАМАТТАРДЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ

Ескерту. 2-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

9-бап. Азаматтарды әскери қызметке даярлау

1. Азаматтарды әскери қызметке даярлау – бұл мемлекеттік органдар әскерге шақыру жасына дейінгі және әскерге шақыру жасындағы азаматтармен оларды әскери қызмет негіздеріне оқыту мақсатында, сондай-ақ әскери қызмет өткеру үшін әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау және қайта даярлау мақсатында әскери міндептілермен жүргізетін міндепті іс-шаралар кешені.

2. Азаматтарды әскери қызметке даярлау:

1) мыналар:

ЗКАИ-ның ескертпесі!

1) тармақшаның екінші, үшінші абзацтары 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII Занымен (мәтін алып тасталды).

бастапқы әскери даярлық;

запастағы офицерлер және запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери даярлық қамтылған білім беру ұйымдарындағы әскери даярлықты;

2) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарындағы әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскери даярлықты;

3) әскери міндеттілердің курсың даярлығын қамтиды.

3. Азаматтарды әскери қызметке даярлауды мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

4. Ұйымдардың басшылары әскерге шақыру жасына дейінгілердің және әскерге шақырылушылардың әскери қызметке даярлықтан өту мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі білім беру ұйымдарындағы әскери даярлықтың сапасын мониторингтеу мен талдауды білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасы заңнамасының азаматтарды әскери қызметке даярлау бөлігіндегі талаптарының сақталуы және білім беру ұйымдарында әскери даярлықтың сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүзеге асырады.

5. Азаматтарды әскери-патриоттық тәрбиелеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындейді.

ЗҚАИ-ның әскертпесі!

9-бапты 6, 7-тармақтармен толықтыру көзделген – КР 16.07.2025 № 211-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Бастапқы әскери даярлық

1. Азаматтармен бастапқы әскери даярлық жалпы орта білімнің жалпы білім беретін бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жүргізіледі.

Алғашқы әскери даярлықты:

1) тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар, әскери қызмет өткөрген немесе жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білім беру ұйымдарының әскери кафедрасында (әскери факультетінде) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлықтан өткен;

2) офицерлер, аға немесе жоғары сержанттар құрамдарының лауазымдарында әскери қызмет өткөрген (әскери қызметке қайта кіру құқығының теріс себептермен

әскери қызметтен шығарылған азаматтарды қоспағанда), жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі бар азаматтар жүзеге асыра алады.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасында аталған азаматтардың кәсіптік дағдылары бастапқы әскери даярлық бейіні бойынша кәсіптік білімге сай келеді және олар бастапқы әскери даярлық қағидаларына сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен жағдайда бастапқы әскери даярлықты жүзеге асыруға құқылы.

2. Әскерге шақырылуға жататын және бастапқы әскери даярлықтан өтпеген азаматтар әскери қызмет өткери кезеңінде одан өтеді.

3. Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру тәртібі бастапқы әскери даярлық қағидаларында айқындалады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.11.2015 № 398-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

11-бап жаңа редакцияда көзделген – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-бап. Азаматтарды білім беру ұйымдарында қосымша білім беру бағдарламалары бойынша әскери даярлау

1. Қазақстан Республикасының азаматтарын қосымша білім беру бағдарламалары бойынша әскери даярлау жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жүргізіледі.

2. Тәрбиленушілердің әскери даярлықтан өту және барлық үлес түрлерімен қамтамасыз етілу тәртібі Азаматтарды әскери қызметке даярлау қағидаларында айқындалады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.11.2015 № 398-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

11-1-баппен толықтыру көзделген – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-бап. Азаматтарды әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау

Ескерту. 12-баптың тақырыбы жаңа редакцияда- ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Азаматтарды әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау Қарулы Күштердің қажеттілігіне сәйкес өтеусіз негізде және оқуға арналған шығыстар

толық немесе ішінара өтеле отырып, өтеулі негізде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында жүргізіледі.

Окуға арналған шығыстарды ішінара өтеу кезінде оқу-жаттығу атыстарын өткізу және жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің (бұдан әрі – Қорғаныс министрлігі) есебінен жүзеге асырылады.

2. Өтеусіз негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды, он жеті жас алты айдан жиырма алты жасқа дейінгі, даярлықты бітіргеннен кейін мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын немесе жұмылдыру резервіне алынатын азаматтар тартылады. Кіші мамандарды даярлауға бөлінген тапсырысты Қорғаныс министрлігі қалыптастырады.

3. Өтеулі негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға: денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды әскери міндеттілер;

денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды немесе шектеулі жарамды, соның ішінде әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылған жиырма төрт жастан жиырма жеті жасқа дейінгі әскерге шақырылушылар тартылады.

4. Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді жинау, оларды жіберу және өтеусіз және өтеулі негіздерде оқыту, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру тәртібін, сондай-ақ оқу мерзімдерін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі айқындайды.

5. Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша білім алатын әскерге шақырылушылардың, әскери міндеттілердің санын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі жұмылдыру ресурстарына не кіші мамандарға қажеттілікті негізге ала отырып айқындайды.

6. Әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді әскери- техникалық және өзге де мамандықтар бойынша оқытудың басталуы мен аяқталуы болып Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымы басшысының окуға қабылдау және оны бітіру туралы бұйрықтары шыққан күн есептеледі.

Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында оқып жатқан азаматтар оқу кезеңінде әскери қызметші мәртебесіне ие болмайды.

7. Алып тасталды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Зақымен (алғашқы реєсми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Алып тасталды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Зақымен (алғашқы реєсми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Алып тасталды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Зақымен (алғашқы реєсми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Алып тасталды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында сабактар өткізілетін уақытта көрсетілген ұйымдарда оқытудан өтіп жатқан қызметкерлерге жұмыс берушілер оқу демалыстарын беруге міндетті.

12. Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша оқу кезеңінде әскерге шақырылушилардың, әскери міндептілердің жұмыс орны (лауазымы) сақталады. Осы кезеңде олар, заңды тұлға таратылған жағдайларды қоспағанда, жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан шығарылмайды, сондай-ақ білім беру үйімі басшысының бастамасы бойынша білім беру үйімінан шығарып жіберілмейді.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13-бап. Азаматтарды жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдарында запастағы офицерлер мен запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери даярлау

Ескерту. 13-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

1. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жұмылдыру қажеттілігіне, сондай-ақ әскери оқытылған резервті толықтыру қажеттігіне сүйене отырып, Қорғаныс министрлігінің тапсырысына сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдарында азаматтарды запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау – өтеусіз және өтеулі негіздерде, запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша әскери даярлау өтеулі негізде жүргізіледі.

1-1. Азаматтарды запастағы офицерлер және запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери даярлықтан өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Әскери-оқу практикасы әскери бөлімдердің (мекемелердің), әскери оқу орындарының оқу-материалдық, техникалық базасы пайдаланыла отырып жүргізіледі.

2. Запастағы офицерлер мен запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери даярлықтың толық курсын аяқтаған азаматтарға Әскери қызмет өткери қағидаларында айқындалған тәртіппен тиісінше "запастағы лейтенант" немесе "запастағы сержант" әскери атағы беріледі.

3. Азаматтарды запастағы офицерлер және запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери даярлықты үйімдастыру үшін Қорғаныс министрлігі:

- 1) әскери кафедра (әскери факультет) қызметінің қағидаларын;
- 2) әскери кафедрадағы (әскери факультеттегі) әскери даярлық бағдарламаларының тізбесін;

3) әскери кафедрада (әскери факультетте) оқу процесін үйімдастыру қағидаларын өзірлейді және бекітеді.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда – ҚР 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-1-бап. Әскери міндеттілердің курсық даярлығы

1. Әскери міндеттілердің курсық даярлығы жұмылдыру қажеттілігіне және әскери оқытылған резервті жинақтау қажеттілігіне сүйене отырып, Қорғаныс министрлігінің тапсырысына сәйкес өтеулі негізде жүргізіледі.

2. Әскери міндеттілердің курсық даярлығы бағдарламалары бойынша әскери даярлықтың толық курсын бітірген әскери міндеттілерге кезекті әскери атақ әскери қызмет өткери қағидаларында айқындалған тәртіппен беріледі.

3. Әскери міндеттілерді курсық даярлықтан өткізу тәртібі Қорғаныс министрлігі бекітетін әскери міндеттілерді курсық даярлықтан өткізу қағидаларына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 13-1-баппен толықтырылды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-бап. Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту

1. Халықты азаматтық қорғаныс іс-шараларына тарту және соғыс уақытында Қарулы Күштерді жасақтау үшін қажетті контингентті даярлау мақсатында:

1) ерлер – он алты жастан алпыс жасқа дейінгілерді қоса алғанда;

2) балалары жоқ немесе он жастан асқан балалары бар әйелдер – он сегіз жастан қырық бес жасқа дейінгілерді қоса алғанда, жалпыға бірдей әскери оқыту жүргізіледі.

Азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқытууды азаматтардың жұмыс, оқу орны және тұрғылықты жері бойынша жергілікті әскери басқару органдары жүзеге асырады.

2. Жалпыға бірдей әскери оқыту бағдарламасын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бекітеді.

3. Қорғаныс министрлігі азаматтарды жалпыға бірдей әскери оқыту жөніндегі бағдарламаны өзірлейді және іс-шараларға бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14-1-бап. Әскери-патриоттық тәрбие

1. Әскери-патриоттық тәрбие – әскери-патриоттық тәрбиелеу субъектілерінің Қазақстан Республикасы азаматтарының бойында қазақстандық патриотизмді, біртұтас ұлтқа тиесілілік сезімін, рухани-имандылық құндылықтарын, Қазақстан Республикасын қорғау жөніндегі конституциялық міндетті орындауға әзірлікті қалыптастыру және

осыған байланысты қажетті білім мен дағдыларды дамыту бойынша жүйелі, мақсатты және үйлестірілген қызметі.

2. Әскери-патриоттық тәрбиелеу жүйесі азаматтарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің үздіксіз болуын қамтамасыз ететін, өзара байланысты құралдардың, әдістердің, құжаттардың, іс-шаралардың, әскери-патриоттық тәрбиелеу субъектілерінің жиынтығын білдіреді.

Әскери-патриоттық тәрбиелеу жүйесі әскери-патриоттық тәрбиелеу субъектілері қызметінің бағыттарын үйлестіру мен айқындауды, сондай-ақ мұндай қызметті ғылыми және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуді қамтиды.

3. Азаматтарды әскери-патриоттық тәрбиелеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен ұйымдары әскери-патриоттық тәрбиелеу субъектілері болып табылады.

Қазақстан Республикасында әскери-патриоттық тәрбиелеу субъектілерінің қызметін үйлестіруді әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі үйлестіру кеңестері жүзеге асырады, олар:

Корғаныс министрлігі жанынан – республикалық;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары жанынан – аумақтық болып құрылады.

Әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі үйлестіру кеңестері консультативтік-кеңесші органдар болып табылады.

Әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі үйлестіру кеңестерінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) әскери-патриоттық тәрбиелеу субъектілерінің келісілген іс-қимылдарды жүзеге асыруы және олардың қызмет тиімділігін арттыру;

2) әскери-патриоттық тәрбие мәселелері бойынша ақпарат алмасу, оң тәжірибелі зерделеу және тарату;

3) әскери-патриоттық тәрбиелеу субъектілерінің қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау.

Әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі үйлестіру кеңестерінің құрамы, өкілеттіктері мен қызмет тәртібі тиісінше Корғаныс министрлігі, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары бекітетін ережелерде айқындалады.

Әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі аумақтық үйлестіру кеңестері туралы үлгілік ережені Корғаныс министрлігі әзірлейді және бекітеді.

4. Шетелдік заңды және жеке тұлғалар, шет мемлекеттер және халықаралық ұйымдар ұсынатын қаржыландыруды қоспағанда, әскери-патриоттық тәрбие бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған бюджеттен тыс көздер есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тaraу 14-1-баппен толықтырылды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

3-тaraу. Эскери есепке алу

Ескерту. 3-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

15-бап. Эскери есепке алу

1. Азаматтар, мыналарды:

1) эскери-есептік мамандығы жоқ әйелдерді;

2) эскери қызметтен отставкаға шығарылған немесе запаста болудың шекті жасына толуына байланысты әскери есептен алып тасталған не әскери есептен алып тасталып, әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдарды;

3) бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жүрген адамдарды;

4) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдарды;

5) Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарының, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін, сондай-ақ әскери, арнаулы оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын қоспағанда, әскери есепке алынуға жатады.

2. Әскери есепке алушы жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

Әскери міндептілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алушы олардың тұрғылықты жері немесе уақытша болатын (тұратын) орны бойынша жергілікті әскери басқару органдары жүзеге асырады, ал олар жоқ елді мекендерде әскери есепке алушы кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері қамтамасыз етеді.

3. Әскери міндептілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бекітеді.

4. Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызмет өткөретін әскери қызметшілер уәкілетті орган белгілеген тәртіппе тиісті әскери басқару органдарында (басқару органдарында), әскери бөлімдерде (бөлімдерде) және мекемелерде есепке алуға жатады.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-

VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

16-бап. Азаматтарды жергілікті әскери басқару органдарына тіркеу

1. Азаматтарды жергілікті әскери басқару органдарына тіркеу – азаматтарды бастапқы әскери есепке қою үшін жергілікті әскери басқару органдары жүргізетін әскери есепке алу іс-шаралары.

2. Жергілікті әскери басқару органдарына тіркелуге мыналар жатады:

- 1) он жеті жасқа толған ер азаматтар;
- 2) бұрын әскери есепте тұрмаған ер азаматтар;
- 3) осы Заңның 15-бабының 1-тармағында аталған адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған адамдар;
- 4) әскери-есептік мамандығы бар әйел азаматтар.

3. Азаматтарды жергілікті әскери басқару органдарына тіркеу әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. Лауазымды адамдардың, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың Әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алу қағидаларын орындау жөніндегі міндеттері

Ескерту. 17-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Ауданың, облыстық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдері, сондай-ақ әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар жұмыс істейтін ұйымдардың басшылары өз құзыреті шегінде:

1) әскери міндеттілерді және әскерге шақырылушыларды, оларды жергілікті әскери басқару органдарына шақырылғаны туралы хабардар етуге;

2) алып тасталды - ҚР 2013.01.08 № 64-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) тиісті жергілікті әскери басқару органдарына әскери міндеттілердің, әскерге шақырылушылардың және әскер жасына дейінгілердің сандық және сапалық құрамын растайтын құжаттарды беруге;

4) азаматтарды әскери қызметке шақырған кезде азаматтарды басқа жергілікті жерлерден облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың әскерге шақыру (жиын) пункттеріне жеткізуі қамтамасыз етуге міндетті.

2. Алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Ішкі істер органдары өз құзыretі шегінде әскери міндептілікті орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді жүзеге асыруға міндепті.

4. Әскери міндептілер мен әскерге шақырылушилардың тегінің, атының, әкесінің атының (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), туған күнінің, жерінің, жұмыс (оку) орнының өзгеруі туралы; білімінің болуы туралы; отбасы құрамы туралы; жүргізуі куәлігінің бар-жоғы туралы; Қазақстан Республикасының аумағында болуы туралы; қайтыс болуын тіркеу туралы; мүгедектігі бар адам деп танылғандығы; стационарлық емделуде болуы және динамикалық байқауда тұратындығы; азаматтарды тұрғылықты жері бойынша тіркеу және тіркеу есебінен шығару туралы; адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасауының болуы не болмауы туралы; оларға қатысты анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізіліп жатқаны; сот оларға қатысты қылмыстық істерді қарап жатқаны, сондай-ақ оларға қатысты занды қүшіне енген үкімдер туралы мәліметтерді ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті әскери басқару органдары мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз ету арқылы, көрсетілген бағыттар бойынша қызметті жүзеге асыратын уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерінен алады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелер арасында өзара іс-қимыл болмаған жағдайда, мәліметтер ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті әскери басқару органдарына үш жұмыс күні ішінде жіберіледі.

5. Анықтау және алдын ала тергеу органдары жеті жұмыс күні ішінде аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті әскери басқару органдарына оларға қатысты анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан әскери міндептілер мен әскерге шақырылушилар туралы, ал соттар оларға қатысты қылмыстық істерді сот қарап жатқан әскери міндептілер мен әскерге шақырылушилар туралы, сондай-ақ оларға қатысты занды қүшіне енген үкімдер туралы хабарлауға міндепті.

6. Алып тасталды - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7. Алып тасталды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8. Алып тасталды - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9. Алып тасталды - ҚР 2013.01.08 № 64-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10. Алып тасталды - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескеरту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2013.01.08 № 64-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

4-тапау. ЭСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ӨТКЕРУ

18-бап. Эскери қызметтің мазмұны

1. Эскери қызмет:

- 1) әскерге шақыру бойынша әскери қызметті;
- 2) келісімшарт бойынша әскери қызметті;
- 3) резервтегі әскери қызметті қамтиды.

Жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында резервтегі әскери адамдар келісімшарт бойынша әскери қызметке ауысады.

Әскерге шақыру бойынша әскери қызметке:

- 1) катардағы және сержанттық құрамдардың мерзімді әскери қызметі;
- 2) осы Заның 32-бабына сәйкес әскерге шақырылған офицерлердің әскери қызметі;
- 3) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезіндегі, соғыс уақытындағы және әскери жиындарды өткеру кезіндегі әскери қызмет жатады.

Келісімшарт бойынша әскери қызметке:

- 1) қатардағы, сержанттық және офицерлік құрамдардың әскери лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің әскери қызметі;
- 2) әскери, арнаулы оқу орындары кадеттерінің, курсанттарының, адъюнкттерінің, магистранттарымен докторанттарының, әскери интерндерінің, әскери резидент-дәрігерлерінің әскери қызметі және окуы жатады.

2. Әскери жиындарға шақырылған азаматтар әскери қызмет міндеттерін атқарады.

3. Мерзімді қызмет өткеруге азаматтардың құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган оқу орындарының күндізгі оқу бөлімдерінде оқыған уақыты не осы мемлекеттік органдардың жолдамасы бойынша шет мемлекеттердің білім беру үйімдарында оқудың толық курсын бітірген азаматтар үшін оқу уақыты мерзімді әскери қызмет өткерумен теңестіріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған, бұрын мерзімді әскери қызметті өткермеген азаматтар оқудан шығарылған жағдайда, белгіленген тәртіппен мерзімді әскери қызметке шақырылады, ал осы Заның 38-бабының 1-тармағы 4) тармақшасының алтыншы абзацында аталған адамдар оқудан шығарылған жағдайда келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге құқылы.

4. Әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының халқына адалдығы туралы әскери ант қабылдайды.

Бұрын әскери ант қабылдамаған әскери міндеттілер оны әскери жиындарға (әскери міндеттілердің курстық даярлығы аяқталғаннан кейін) және жұмылдыру бойынша шақырылған кезде қабылдайды.

Әскери кафедралардың (әскери факультеттердің) студенттері әскери антты запастағы офицерлер және запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери даярлық қағидаларына сәйкес Отан қорғаушы құні қарсаңда қабылдайды.

Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша өтеулі негізде білім алатын әскерге шақырылушылар әскери антты әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау қағидаларына сәйкес окуды бітіргеннен кейін қабылдайды.

5. Осы Занда айқындалған жағдайларда және тәртіппен азаматтарды әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылуы немесе әскери қызметтен босатылуы мүмкін.

Ескерту. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2024 № 74-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

19-бап. Әскери қызметшілер мен әскери міндеттілердің құрамы. Әскери атақтар

1. Әскери қызметшілер мен әскери міндеттілер:

- 1) қатардағы;
- 2) сержанттық;
- 3) офицерлік құрамға бөлінеді.

2. Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда мынадай әскери атақтар белгіленеді:

| | |
|------------------------|-------------------------|
| әскери | корабльдік |
| 1) қатардағы құрам | |
| катардағы жауынгер | матрос |
| ефрейтор | ага матрос |
| 2) сержанттық құрам | |
| кіші сержанттар құрамы | екінші сатылы старшина |
| кіші сержант | бірінші сатылы старшина |
| сержант | |
| ага сержант | бас старшина |
| ага сержанттар құрамы | |

| | |
|--------------------------|--------------------------|
| үшінші сыныпты сержант | үшінші сыныпты старшина |
| екінші сыныпты сержант | екінші сыныпты старшина |
| бірінші сыныпты сержант | бірінші сыныпты старшина |
| жоғары сержанттар құрамы | |
| штаб-сержант | штаб-старшина |
| шебер-сержант | шебер-старшина |
| 3) офицерлер құрамы | |
| кіші офицерлер құрамы | |
| лейтенант | лейтенант |
| аға лейтенант | аға лейтенант |
| капитан | капитан-лейтенант |
| аға офицерлер құрамы | |
| майор | үшінші дәрежелі капитан |
| подполковник | екінші дәрежелі капитан |
| полковник | бірінші дәрежелі капитан |
| жоғары офицерлер құрамы | |
| генерал-майор | контр-адмирал |
| генерал-лейтенант | вице-адмирал |
| генерал-полковник | адмирал |
| армия генералы | |

3. Медициналық немесе зангер мамандығы бар офицерлер үшін әскери атақтарының алдына тиісінше "медицина қызметінің", "әділет" деген сөздер қосылады.

4. Авиацияның жоғары офицерлер құрамы үшін (инженерлік-авиациялық даярлығы бар ұшқыштық инженерлік) әскери атақтарының алдына тиісінше "авиация" деген сөз қосылады.

5. Запаста тұратын азаматтардың әскери атақтарының алдына тиісінше "запастағы" деген сөз, ал отставкадағыларға "отставкадағы" деген сөз қосылады.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

20-бап. Әскери атақты беру, төмендету, одан айыру және әскери атағын қалпына келтіру тәртібі

Әскери қызметшілер мен әскери міндеттілерге, оның ішінде жоғары офицерлер құрамына әскери атақтарды мерзімінен бұрын беруді қоса алғанда, оларды беру, төмендету, қалпына келтіру, әскери атағынан айыру Әскери қызмет өткери қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Жоғары офицерлер құрамын қоспағанда, әскери атағынан айырылған адамның әскери атағы тек сот ақтау үкімін шығарған немесе ақтау негізdemелері бойынша қылмыстық істі тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайларда қалпына келтіріледі.

Жоғары офицерлер құрамының әскери атағынан айырылған адамға әскери атағы Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша қалпына келтіріледі.

Әскери атақтарда еңбек сінірген мерзімі мынадай:

1) сержанттық құрамға:

кіші сержанттарға - бір жыл;

сержанттарға - екі жыл;

аға сержанттарға - үш жыл;

3-сыныпты сержанттарға - төрт жыл;

2-сыныпты сержанттарға - бес жыл;

1-сыныпты сержанттарға - алты жыл;

2) офицерлер құрамына:

лейтенанттарға - екі жыл, ал бес жыл әскери, арнаулы

оку орнындағы оку мерзімі

барларға – бір жыл;

аға лейтенанттарға - үш жыл;

капитандарға (капитан-лейтенанттарға) - төрт жыл;

майорларға (үшінші дәрежелі капитандарға) - бес жыл;

подполковниктерге (екінші дәрежелі - жеті жыл;

капитандарға)

болып белгіленеді.

Қатардағы, жоғары сержанттық құрамға, полковниктерге (бірінші дәрежелі капитандарға) және жоғары офицерлік құрамға әскери атақтарындағы еңбек сінірген жылдары белгіленбейді.

Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы әскери қызметке қызметін ауыстыру тәртібімен кіретін құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлеріне әскери атақ үәкілетті органның бірінші басшысы айқындастын қайта аттестаттау тәртібімен, қазіргі бар арнайы атағынан төмендетілмей беріледі.

Ескертпелер.

1. Осы баптың төртінші бөлігі 2) тармақшасының екінші абзацында көзделген "лейтенант" әскери атағында еңбек сінірген мерзім, егер әскери қызметші:

курсант бола тұра, бес және одан көп жыл бойы жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын бір немесе бірнеше әскери оку орнында білім алса;

техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының әскери оку орнын бітіргеннен кейін шетелдік жоғары әскери оку орнына түссе және курсант бола тұра, төрт және одан көп жыл бойы білім алса, бір жылға дейін қысқартылады.

2. Егер әскери қызметші курсант бола тұра, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын бір немесе бірнеше әскери оку орнында алты жыл

бойы білім алса немесе техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының әскери оқу орнын бітіргеннен кейін шетелдік жоғары әскери оқу орнына түссе және курсант бола тұра, бес жыл бойы білім алса, онда осы баптың төртінші бөлігі 2) тармақшасының үшінші абзацында көзделген "аға лейтенант" әскери атағында еңбек сінірген мерзім де қысқартылады және екі жылды құрайды.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 156-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

21-бап. Әскери лауазымдар

1. Әскери лауазым Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың алдына қойылған негізгі міндеттер мен функцияларға сүйене отырып айқындалады.

2. Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы әскери лауазымдар мен оларға сәйкес келетін әскери атақтар тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

3. Әскери лауазымдар:

- 1) катардағы жауынгерлер құрамының;
- 2) сержанттар құрамының;
- 3) офицерлер құрамының;
- 4) жоғары офицерлер құрамының лауазымдарына бөлінеді.

4. Әскери қызметшілерді жасақтау, әскери лауазымдарға тағайындау, орнын ауыстыру, әскери лауазымдарынан босату, мемлекеттік, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына, азаматтық қорғау органдарына ауыстыру және қызметтен шығару Әскери қызмет өткеру қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Тізбесін уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы бекіткен лауазымдарға тағайындалатын әскери қызметшілерге және азаматтық персонал адамдарына (жұмыскерлерге) қатысты уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындаған тәртіппен психофизиологиялық және полиграфологиялық зерттеулер қолданыла отырып, тексеру жүргізіледі.

4-1. Техникалық және кәсіптік, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнаулы оқу орнына (әскери факультетке) түскен Қазақстан Республикасының азаматы және әскери қызметші тиісінше кадет және курсант әскери лауазымына тағайындалады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасы бойынша әскери оқу орнына түсken келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметші бұрын атқарған әскери лауазымынан босатылады және магистрант, докторант, әскери резидент-дәрігер немесе адъюнкт әскери лауазымына тағайындалады.

4-2. Оқудың үшінші курсына ауыстырылған ұлан, сондай-ақ жалпы орта білім беру базасындағы азамат немесе техникалық және кәсіптік, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына қабылданған әскери қызметші Қарулы Күштердің кадеті не курсанты немесе әскери интерні ауыспалы құрамының әскери лауазымына тиісінше тағайындалады.

Қашықтан оқытуды қолдана отырып білім алушыларды қоспағанда, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орнына қабылданған келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметші бұрын атқарған әскери лауазымынан босатылады және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың магистранты докторанты, әскери резидент-дәрігері немесе адъюнкті ауыспалы құрамының әскери лауазымына тағайындалады.

4-3. Штаттан тыс құрамының әскери лауазымына Қарулы Күштердің әскери қызметшісі әскери қызмет өткеру қағидаларына сәйкес тағайындалады.

5. Әскери қызметші мынадай:

- 1) оны басқа лауазымға тағайындаған кезде командирдің (бастықтың) қарамағында болған – екі айдан аспайтын;
- 2) ұйымдық-штаттық іс-шараларды жүргізуге байланысты командирдің (бастықтың) қарамағында болған – үш айдан аспайтын;
- 3) әскери қызметшіге қатысты құдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылуына не қылмыс туралы қылмыстық іс бойынша бұлтартпау шарасы қолданылуына байланысты командирдің (бастықтың) қарамағында болған жағдайда – қылмыстық іс бойынша түпкілікті шешім шығарылғанға дейін;

ҚР Конституциялық Сотының 24.01.2025 № 62-НҚ нормативтік қаулысымен "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 5-тармағының 3) тармақшасы төмендегідей түсіндірmedе Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылсын: осы тармақшада әскери қызметшіге қатысты құдіктінің іс-әрекетін саралау не қылмыс туралы қылмыстық іс бойынша бұлтартпау шарасын қолдану жөнінде қаулы шығарылуына байланысты командирдің (бастықтың) қарамағында болған кезеңде әскери қызметшінің әскери емес лауазымдарда әскери қызмет өткеру жағдайлары мен мерзімі регламенттеледі және бұл әскери қызметшінің әскери қызметте болуының шекті жасын ұлғайту не әскери қызмет мерзімін ұзарту үшін негіз болып табылмайды. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 5-тармағы 3) тармақшасының ережелерін қолданған кезде оны өзгеше түсіндіруге болмайды.

4) Әскери қызмет өткери қағидаларына сәйкес мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігі мүддесінде жұмыстарды орындау мақсатында мемлекеттік органдарға, халықаралық және басқа да ұйымдарға іссапарға жіберілуіне байланысты уәкілетті орган басшысының қарамағында болған;

5) Қазақстан Республикасы әскери атташесі аппаратындағы лауазымға тағайындалуға байланысты командирдің (бастықтың) қарамағында болған – Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығуға рұқсат ету құжаттарын алғанға дейін;

6) шетелге қызметке, оқуға жіберілген әскери қызметші немесе Қазақстан Республикасы құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкері жұбайымен (зайыбымен) бірге болған кезде уәкілетті орган басшысының қарамағында болған;

7) алып тасталды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

8) әскери тағылымдама аяқталғанға дейін – оқып жатқан елдің заңнамасына сәйкес оқу бағдарламасы әскери тағылымдаманы көздейтін шет мемлекеттің жоғары әскери оқу орнын бітіруіне байланысты офицерлік құрамның "лейтенант" бірінші әскери атағы берілген әскери қызметшілер уәкілетті органның бірінші басшысының қарамағында болған;

9) оқу уақытында – күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына жіберілген және түскен әскери қызметшілер командирдің (бастықтың) қарамағында болған;

10) жиындар өткізу уақытында – әскери жиындар кезеңінде уәкілетті органның бірінші басшысының қарамағында болған жағдайларда, әскери емес лауазымдарда әскери қызмет өткереді.

6. Әскери лауазымдарда болу мерзімдері Әскери қызмет өткери қағидаларында айқындалады.

7. Әскери қызметші жыл сайынғы негізгі демалыстарда, әскери-медициналық (медициналық) білімшелерде, ал олар әскери қызмет өткери орны бойынша болмаған немесе оларда тиісті білімшелер болмаған жағдайда – медициналық ұйымдарда емделуде болған кезеңдер қарамағында болу мерзіміне есептелмейді.

Ескерту. 21-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.11.2015 № 398-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.01.2021 № 410-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2024 № 74-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен

кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

22-бап. Ротация

1. Әскери қызметшілерді ротациялау қызметтік қажеттілік немесе олардың кәсіби әлеуетін анағұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады

2. Әскери қызметшілердің ротациясы Әскери қызмет өткеру қағидаларында айқындалатын тәртіппен және мерзімдерде уәкілетті орган басшысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3. Басқа жергілікті жерге ауыстыруға байланысты ротациялауға мүгедектік белгіленген зайыбы (жұбайы) бар, мүгедектігі бар балалары (қамқоршысы болып табылатын), оның ішінде асырап алған мүгедектігі бар балалары бар немесе асыраудың қартайған ата-анасы болатын адамдар жатпайды. Көрсетілген мән-жайлар Әскери қызмет өткеру қағидаларында айқындалған тәртіппен актімен расталуы тиіс.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

22-1-бап. Әскери қызметшілерді аттестаттау

1. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерін аттестаттау Әскери қызмет өткеру қағидаларымен айқындалады.

Қарулы Күштер мен әскери прокуратура органдарының әскери қызметшілері Әскери қызмет өткеру қағидаларында айқындалатын тәртіппен және мерзімдерде уәкілетті мемлекеттік орган басшысының шешімі бойынша аттестаттау кезінде полиграфологиялық зерттеуден өтеді.

2. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерін кезектен тыс аттестаттау оның тәртібін, мерзімдерін және аттестатталаудың әскери қызметшілердің санаттарын айқындайтын Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша өткізіледі.

Кезектен тыс аттестаттаудың қорытындылары бойынша аттестаттау комиссиясы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқаратын лауазымына сай келеді және жоғары тұрған лауазымға жылжытуға ұсынылады;
- 2) атқаратын лауазымына сай келеді;
- 3) атқаратын лауазымына сай келмейді және лауазымын төмендетуге ұсынылады;
- 4) атқаратын лауазымына сай келмейді және ротациялауға ұсынылады;

5) атқаратын лауазымына сай келмейді және қызметтен шығаруға ұсынылады.

Кәсіби жарамдылықты айқындау бойынша нормативтерді тапсырмаған және тестілеу кезінде шекті мәннен төмен баға алған жағдайда, аттестаттау комиссиясы осы тармақтың 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген шешімдердің бірін қабылдайды.

Аттестаттау комиссиясының отырысына дәлелсіз себеппен екі рет келмей қалған әскери қызметшілер осы Занда белгіленген тәртіппен қызметтен шығарылуға ұсынылады.

Кезектен тыс аттестаттаудан өтпеген және (немесе) өзге де лауазымдарда, оның ішінде төмен тұрған лауазымдарда әскери қызметін жалғастырудан бас тартқан әскери қызметшілер осы Занда белгіленген тәртіппен қызметтен шығарылуға жатады.

Ескерту. 4-тaraу 22-1-баппен толықтырылды - ҚР 2013.01.16 № 71-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

23-бап. Әскери қызметшілердің әскери киім нысаны мен айырым белгілері

1. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери киім нысаны мен айырым белгілерін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Далалық киім нысанымен қамтамасыз етілетін резервтегі әскери адамдарды қоспағанда, әскери қызметшілер салтанатты, күнделікті, далалық, арнайы киім нысанымен және арнайы киім-кешек заттарымен қамтамасыз етіледі.

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери киім нысанын киіп жүру және айырым белгілерін, сондай-ақ басқа да белгілерді тағып жүру қағидаларын – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, ал әскери киім нысанының жекелеген заттарын киіп жүру және айырым белгілерін тағып жүру ерекшеліктерін үәкілдетті органдардың бірінші басшылары белгілейді.

Осы Заңның 26-бабы 1-тармағының 9) және 11) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша әскери қызметтен шығарылған адамдарды қоспағанда, Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда күнтізбелік есептеумен жиырма бес және одан көп жыл қызмет өткерген әскери қызметшілерге запасқа немесе отставкаға шығарылған кезде әскери киім нысанын киіп жүргуге рұқсат етіледі.

Осы Заңның 10-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде аталған азаматтарға педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде бастапқы әскери даярлық қағидаларында айқындалатын тәртіппен әскери киім нысанының жекелеген заттарын киіп жүру және айырым белгілерін тағып жүру ерекшеліктерімен әскери киім нысанын киіп жүргуге де рұқсат етіледі.

2. Әскери киім нысанын киіп жүргуге құқығы жоқ адамдарға оларды киіп жүргуге тыйым салынады және заңда белгіленген жауаптылықта әкеп соғады.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

24-бап. Әскери қызмет мерзімдері. Еңбек сінірген жылдары

1. Әскери қызмет мерзімдері құнтізбелік есеппен:

- 1) мерзімді қызмет әскери қызметшілері үшін – он екі ай;
- 2) әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлер үшін – жиырмат төрт ай;

3) келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер үшін – әскери қызмет өткеру туралы келісімшартта көрсетілген мерзімге;

4) резервтегі әскери адамдар үшін – жауынгерлік даярлық бойынша сабактарда немесе жиындарда, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындарда болу кезеңдеріне белгіленеді.

2. Еңбек сінірген жылдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін тәртіппен, зейнетақыға құқық беретін әскери қызмет ұзақтығын есептеу мақсатында есептеледі. Әскери қызметшілерге еңбек сінірген жылдарын есептеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен жүргізіледі.

Әскери емес лауазымдарда әскери қызмет өткеру уақыты еңбек сінірген жылдарға есептеледі. Еңбек сінірген жылдар жалпы еңбек өтіліне және мемлекеттік қызмет өтіліне есептеледі.

Әскери қызметші жұбайының (әскери қызметші зайыбының) одан әрі әскери қызмет өткеруіне (оқуға түсүіне) байланысты шетелге кеткен әскери қызметшілердің шетелде болу уақыты еңбек сінірген жылдарына есептеледі.

Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери қуралымдардағы әскери қызметке түсkenге дейін құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда, азаматтық қорғау органдарында қызмет өткерген әскери қызметшілерге еңбек сіnірген жылдары олардың құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардағы, азаматтық қорғау органдарындағы әскери немесе арнайы атақтар, сыныптық шендер беру көзделген лауазымдардағы жұмыс істеген уақытын ескере отырып есептеледі.

Мемлекеттік қызмет, соның ішінде құқық қорғау қызметі, азаматтық қорғау органдарындағы қызмет өтіліне мемлекеттік қызметші, құқық қорғау органдарының және азаматтық қорғау органдарының қызметкері құрылымында әскери қызмет өткеру көзделген мемлекеттік органдада әскери лауазымға уақытша тағайындалған кезеңдегі уақыт, сондай-ақ олардың бір мемлекеттік органнан басқа мемлекеттік органға ауысу уақыты есептеледі.

Мемлекеттік қызметке кірген адамдар үшін әскери қызмет өткери уақыты мен әскерилауазымға тағайындалу кезеңі мемлекеттік қызмет өтіліне есептеледі.

Егер әскери қызметші әскери қызметтен, қызметкер Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарынан, азаматтық қорғау органдарынан, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі қызметінен шығарылған күннен бастап және оны әскери қызметке қабылдаған күнгө дейін үш айдан аспаса, оның көрсетілген кезеңде өзге де жеке және заңды тұлғалармен еңбек қатынастары болмаған жағдайда әскери қызметі үзіліссіз деп есептеледі. Бұл ретте көрсетілген кезеңлауазымдық айлықақыны айқындау үшін өтілін және (немесе) еңбек сінірген жылдарына зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сінірген жылдарын есептеу кезінде есепке жатқызылмайды.

Ескерту. 24-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

25-бап. Әскери қызметшілердің әскери қызметте болуының шекті жасы

1. Әскери қызметшілердің әскери қызметте болуының шекті жасы:

1) қатардағы және кіші сержанттық құрамдардың әскери қызметшілеріне – қырық бес жас;

2) майорға (үшінші дәрежелі капитанға) дейінгіні қоса алғанда, аға сержанттық құрамның және офицерлік құрамның әскери қызметшілеріне – қырық жеті жас;

2-1) подполковниктерге – қырық сегіз жас;

3) жоғары сержанттар құрамының әскери қызметшілеріне және полковниктерге (бірінші дәрежелі капитандарға) – елу бес жас;

4) генерал-майорларға (контр-адмиралдарға), генерал-лейтенанттарға (вице-адмиралдарға) – алпыс жас;

5) генерал-полковниктерге, адмиралдарға және армия генералдарына – алпыс үш жас болып белгіленеді.

1-1. Резервтегі әскери қызметте болудың шекті жасын мыналар құрайды:

1) қатардағы және сержанттық құрамдар – елу жас;

2) офицерлік құрам – алпыс жас.

2. Әскери қызметте болудың шекті жасына толған әскери қызметшілер Әскери қызмет өткери қағидаларында белгіленген тәртіппен әскери қызметтен запасқа немесе отставкаға шығарылуға жатады.

Жоғары кәсіптік даярлығы, атқаратын лауазымында жұмыс тәжірибесі бар және әскери қызмет өткеру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамды, әскери қызметте болудың шекті жасына толған әскери қызметшіге өзінің баянаты бойынша уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы онымен әскери қызмет өткеру туралы жаңа келісімшарт жасасу арқылы әскери қызмет мерзімін бес жылға дейінгі мерзімге ұзартуы мүмкін.

Әскери қызмет мерзімін ұзарту туралы шешім әскери қызметшіні осы Занда көзделген негіздер бойынша Қарулы Күштерден, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардан шығару мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындаған және әскери қызметте болудың шекті жасына толған әскери қызметшіге әскери қызмет өткеру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамды болған жағдайда, өзі берген баянат негізінде Қазақстан Республикасының Президенті әскери қызмет мерзімін бес жылға дейін ұзартуы мүмкін.

3. Жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында әскери қызметшілердің әскери қызметтегі шекті жасы запаста болудың шекті жасына сәйкес ұлғайтылады. Бұл ретте олармен жасалған әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттар жұмылдыру, соғыс жағдайы мерзімі және соғыс уақыты аяқталғанға дейін қолданылады.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

26-бап. Әскери қызметтен шығару

1. Әскери қызметшіні әскери қызметтен шығару мынадай негіздер бойынша:
 - 1) әскери қызметте болудың шекті жасына толуы бойынша;
 - 2) әскерге шақыру бойынша әскери қызмет мерзімінің өтуі бойынша;
 - 3) әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт мерзімінің өтуі бойынша;
 - 4) әскери-дәрігерлік комиссияның әскери қызметке жарамсыз немесе шектеулі жарамды деп тану туралы қорытындысына байланысты денсаулық жағдайы бойынша;
 - 5) әскери бөлім (мекеме) штаттарының қысқартылуына байланысты әскери қызметшіні басқа тен әскери лауазымдарға тағайындау мүмкін болмаған және ол төмен әскери лауазымға тағайындалудан бас тартқан кезде;
 - 6) Қазақстан Республикасының құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдарына, азаматтық қорғау органдарына қызметке ауыстыруды қоспағанда, мемлекеттік қызметке немесе мемлекеттік мекемелерге ауысуына байланысты;
 - 7) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылуына байланысты;

8) уәкілетті мемлекеттік органның арнайы тексеру нәтижелері бойынша одан әрі әскери қызмет өткеру мүмкін болмауына байланысты;

9) аттестаттау қорытындысы бойынша анықталған қызметіне сай келмеуі бойынша;

10) техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары әскери оқу орындарының түлектерін, сондай-ақ әскери интерндерді, әскери резидент-дәрігерлерді, магистранттарды, докторанттарды және адъюнкттерді шығарып жіберу жағдайларын қоспағанда, әскери, арнаулы оқу орнынан шығарып жіберуге байланысты;

11) теріс себептер бойынша;

12) белгіленген мерзімді өткерген адамдар үшін төтенше жағдай күшінің жойылуына байланысты жүргізіледі.

2. Әскери қызметшіні теріс себептер бойынша әскери қызметтен шығару:

1) қылмыс жасағаны үшін соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылған;

3) медициналық ұйымда жүргізілген медициналық куәландыру нәтижелерімен расталған, әскери қызметтік міндеттерін атқару кезінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну немесе масаң күйде болу фактісі анықталған, сондай-ақ одан өтуден бас тартқан немесе жалтарған;

4) медициналық ұйымда жүргізілген медициналық куәландыру нәтижелерімен расталған қызметтен тыс уақытта есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтыну фактісі анықталған;

5) әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт талаптары жүйелі түрде (екі және одан көп рет) бұзылған;

6) жасалған күніне қарамастан, осы Заңның 38-бабының 2-тармағында көрсетілген мәліметтер ұсынылмаған немесе бұрманланған;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әскери атағынан айырылған;

8) Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органының немесе ішкі істер органдарының әскери қызметшісі қатарынан үш және одан көп сағат бойы дәлелді себепсіз қызметте болмаған;

9) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етуге немесе жоғалтуға, оларды жеткізгіштерді жоғалтуға алып келген, құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі белгіленген талаптар бұзылған;

10) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған;

11) әскери қызметке кір келтіретін теріс қылышқа жасалған;

12) көлік құралын алкогольдік және (немесе) есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң қүйде басқарған жағдайларда жүргізіледі.

Әскери қызметшінің мынадай әрекеттері, оның ішінде әскери қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты емес, бірақ азаматтардың көз алдында әскери қызметтің беделін анық түсіретін әрекеттері, атап айтқанда:

қызмет бабын жеке пайдакунемдік мақсатта пайдалану;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың лауазымдық және арнайы міндеттері болып табылатын жағдайларды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрімен, оның ішінде коммерциялық делдалдықпен айналысу;

қызмет бабын пайдалана отырып жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсету және сол үшін сыйақы алу;

бюджет қаражатына немесе мемлекеттік мүлікке тікелей қызмет көрсететін әскери қызметшінің кінәлі әрекеттер жасауы, егер бұл әрекеттер уәкілетті лауазымды адам тарапынан оған деген сенімді жоғалтуға негіз берсе;

әскери қызметшінің әскери киім нысанында қоғамдық орынға адамның қадір-қасиетін және қоғамдық имандылықты қорлайтын, алкогольдік немесе есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтынудан туындаған өзге де масаң қүйде келуі;

ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға және (немесе) ақшаға, заттарға және өзге де құндылықтарға бәс тігуге қатысуы әскери қызметке кір келтіретін теріс қылықтар болып табылады.

3. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшінің:

1) өзіне қатысты әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт талаптары елеулі және (немесе) жүйелі түрде (екі және одан көп рет) бұзылған жағдайда;

2) отбасы жағдайлары бойынша:

өзі әскери қызмет өткеретін жергілікті жерде оның отбасы мүшесінің медициналық көрсетілімдер бойынша тұруы мүмкін болмаған және оны жаңа әскери қызмет орнына ауыстыру мүмкіндігі болмаған кезде;

отбасының басқа елді мекенге көшу қажеттілігіне байланысты әскери қызметші – жұбайының (әскери қызметші – зайыбының) әскери қызмет орнын өзгерткен;

тұрғылықты жері бойынша медициналық ұйымның қорытындысына сәйкес денсаулық жағдайы бойынша тұрақты күтімге мұқтаж не бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар болып табылатын жұбайына (зайыбына), жақын туыстарына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жасқа толған немесе он сегіз жасқа толмаған адамдарға, заң бойынша аталған азаматтарды күтіп-бағуға міндетті басқа адамдар болмаған кезде, тұрақты күтім жасау қажет болған;

әскери қызметші анасыз (әкесіз) тәрбиелеп отырған он сегіз жасқа толмаған балаға (балаларға) күтім жасау қажет болған кезде;

3) Қазақстан Республикасының өкілді органдарына сайланған немесе тағайындалған жағдайда;

4) судья лауазымына сайланған немесе тағайындалған жағдайда, әскери қызметтөн мерзімінен бұрын шығарылуға құқығы бар.

4. Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметші осы баптың 1-тармағының 2), 4) және 7) тармақшаларында, 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында, 3-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша әскери қызметтөн шығарылады.

4-1. Резервтегі әскери адамды әскери қызметтөн шығару осы баптың 1-тармағының 1), 3), 4), 5), 7), 8) және 11) тармақшаларында, 2-тармағының бірінші бөлігінің 1), 2), 3), 4), 5), 9), 10) және 11) тармақшаларында, 3-тармағында көзделген негіздер бойынша (кәсіпкерлік және (немесе) кәсіптік қызметпен айналысу жағдайларын қоспағанда), сондай-ақ жасалған күніне қарамастан, осы Заңның 40-2-бабының 2-тармағында көрсетілген мәліметтер ұсынылмаған немесе бұрмаланған жағдайда жүргізіледі.

5. Мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшінің:

1) осы Заңның 35-бабының 9-тармағына сәйкес әскерге шақыруды кейінге қалдырудан бас тарту туралы өтініш берген адамдарды қоспағанда, отбасы жағдайының өзгеруі салдарынан әскерге шақыруды кейінге қалдыру немесе әскерге шақырудан босату құқығы туындаған;

2) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес шетелге шығуға құқық берілетінін растайтын құжаттары болған кезде отбасы құрамында шетелде тұрақты тұрғылықты тұруға немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын отбасымен қосылу үшін кеткен жағдайларда мерзімінен бұрын қызметтөн шығарылуға құқығы бар

6. Офицерлік құрамның әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшісінің осы Заңның 35-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген мән-жайлар болған кезде әскери қызметтөн мерзімінен бұрын шығарылуға құқығы бар.

7. Қайтыс болған (қаза тапқан) әскери қызметші – қайтыс болған (қаза тапқан) күні құжатпен расталған күннен кейінгі келесі күннен бастап, ал сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған әскери қызметші сот шешімі занды күшіне енген күннен бастап бөлімнің (мекеменің) тізімдерінен шығарылады.

8. Белгіленген мерзімдерді өткерген әскери қызметшіні әскери қызметтөн шығару төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы, дағдарыстық ахуал енгізілген жағдайда, олардың қолданылу кезеңіне тоқтатыла тұрады.

Бұл ретте онымен жасалған әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы, дағдарыстық ахуал кезеңі бойы қолданыста болады.

9. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіге әскери қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша не әскери бөлім (

мекеме) штаттарының қысқартылуына байланысты әскери қызметтен шығарылған кезде жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысы еңбек сінірген жылдары:

күнтізбелік 10 жылдан аз болғанға – үш айлық ақшалай қаражат;
күнтізбелік 10 жылдан 15 жылға дейін болғанға – төрт айлық ақшалай қаражат;
күнтізбелік 15 жылдан 20 жылға дейін болғанға – бес айлық ақшалай қаражат;
күнтізбелік 20 жылдан 25 жылға дейін болғанға – алты айлық ақшалай қаражат;
күнтізбелік 25 жылдан 30 жылға дейін болғанға – жеті айлық ақшалай қаражат;
күнтізбелік 30 жылдан астам болғанға – сегіз айлық ақшалай қаражат мөлшерінде төленеді.

Келісімшарт бойынша әскери қызметке қайта кірген кезде жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысының мөлшері, осы жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысы бұрын әскери қызметтен не азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарынан қызметтен шығарылған кезде төленбеген жағдайларды қоспағанда, бұрын төленген жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысы ескеріле отырып айқындалады.

Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет мерзімі өткен соң немесе денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметтен шығарылған кезде мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшіге жұмыстан шығу жәрдемақысы – бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ал жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балалар арасынан болған аталған әскери қызметшіге бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді.

Жауынгерлік іс-қимылдарға, терроризмге қарсы және (немесе) бітімгершілік операцияларына қатысқаны үшін Қазақстан Республикасының немесе бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының орденімен (ордендерімен) марапатталған әскери қызметшіге жұмыстан шығу жәрдемақысының мөлшері ақшалай қаражаттың екі айлықақысына ұлғайтылады.

Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткерген және әскери қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша немесе әскери бөлім (мекеме) штаттарының қысқартылуына байланысты әскери қызметтен шығарылған офицерлік құрамның әскери қызметшісіне еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне құқығы болмаған кезде жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысын төлеумен қатар әскери қызметтен шығарылған күннен бастап бір жыл бойы әскери атағы бойынша айлықақы төлеу сакталады.

Бұл ретте, егер көрсетілген мерзім ішінде әскери қызметшілерге әскери атақ бойынша айлықақылары өсетін болса, тиісінше әскери қызметтен шығарылған, офицерлік құрамның әскери қызметшілеріне төленетін осы айлықақылар мөлшері ұлғаяды.

10. Осы Заңның 37-бабының 6-тармағына сәйкес келісімшарт бойынша әскери қызметке кірген, мерзімді әскери қызметпен қоса жиынтығында он екі айдан аз қызмет

өткерген және әскери қызметтен шығарылған қатардағы және сержанттар құрамдарының әскери қызметшілері белгіленген тәртіппен мерзімді әскери қызметтің қалған мерзімін өткери үшін, бірақ кемінде үш айға әскери бөлімдерге (мекемелерге) жіберіледі.

Бұрын әскери қызмет өткермеген, әскери кафедрада (әскери факультетте) немесе Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери даярлықтан өтпеген, келісімшарт бойынша әскери қызметке алғаш рет кірген, он екі айдан аз қызмет өткерген және әскери қызметтен шығарылған азаматтар әскерге шақырылуышылардың әскери есебіне қою үшін жергілікті әскери басқару органдарына жіберіледі және белгіленген тәртіппен мерзімді әскери қызметке шақырылады.

Бұрын мерзімді әскери қызмет өткермеген және әскери, арнаулы оқу орындарынан оқудан шығарып жіберілген, жиырма алты жасқа толмаған курсанттар мен кадеттер әскерге шақырылуышылардың әскери есебіне қою үшін жергілікті әскери басқару органдарына жіберіледі және белгіленген тәртіппен мерзімді әскери қызметке шақырылады, ал осы Заңың 38-бабының 1-тармағы 4) тармақшасының алтыншы абзацында аталған адамдар келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге құқылы.

Үлгерімсіздігі, тәртіпсіздігі үшін, өз бастамасы бойынша, теріс себептермен, Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылуға байланысты әскери қызметтен шығару салдарынан әскери, арнаулы оқу орнынан шығарып жіберілген, сондай-ақ әскери қызмет өткери туралы келісімшарт жасасудан бас тартқан курсант немесе кадет оқытудың бірінші жылышының шығындарын қоспағанда, өзін әскери, арнаулы оқу орнында оқыту кезеңінде тамақтандыруды қамтамасыз етуге, стипендия төлеуге және жол жүруіне арналған шығындарға сәйкес келетін ақшаны мемлекетке өтеуге міндettі.

Оқудан шығарып жіберілген курсанттар мен кадеттерден мемлекет кірісіне ақшаны өндіріп алу мәселелері бойынша 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін занды күшіне енген сот актілері бойынша қозғалған атқарушылық іс жүргізулер "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен тоқтатылады.

Осы тармақтың тәртінші бөлігінде көзделген ақшаны мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы талап қоюлар 2018 жылғы 1 қаңтардан кейін оқудан шығарып жіберілген курсанттар мен кадеттерге беріледі.

Әскери, арнаулы оқу орнына қайта қабылдау немесе келісімшарт бойынша әскери қызметке кіру оқу және (немесе) келісімшарт бойынша әскери қызмет өткери кезеңінде оқытуға жұмсалған ақшаны өндіріп алуды тоқтата түруға негіз болып табылады. Әскери, арнаулы оқу орнында оқыту кезеңі есепке алынбастан, құнтізбелік есептеумен келісімшарт бойынша он жыл әскери қызмет өткергеннен кейін (ұшқыштар құрамы үшін – он бес жыл) оқытуға жұмсалған ақшаны өндіріп алу тоқтатылады.

Әскери, арнаулы оқу орнын бітірген әскери қызметші теріс себептермен, Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылуға байланысты немесе аттестаттау

қорытындысы бойынша анықталған қызметіне сай келмеуі бойынша әскери қызметтөн шығарылған жағдайда, оқытудың бірінші жылышын шығындарын қоспағанда, курсанттар мен кадеттерді әскери, арнаулы оқу орнында оқыту кезеңінде тамақтандыруды қамтамасыз етуге, стипендия төлеуге және жол жүруіне арналған шығындарға сәйкес келетін ақшаны мемлекетке әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт мерзімі аяқталғанға дейін қызмет өткерілмеген әрбір толық ай үшін пропорционалды түрде өтеуге міндettі.

Техникалық және кәсіптік білім беру (негізгі орта білім беру базасында) бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнаулы оқу орнының түлегі жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнаулы оқу орнына түспеген және әскери қызметті одан әрі өткеруден бас тартқан жағдайларда, өзін оқытуға жұмсалған ақша өтелмestен, мерзімді әскери қызметтің қалған мерзімін өткеру үшін әскери бөлімдерге (мекемелерге), бірақ кемінде үш ай мерзімге жіберіледі.

Әскери, арнаулы оқу орындарында әскери қызметшіні оқытуға жұмсалған ақшаны мемлекетке өтеу тәртібін құрылымында әскери, арнаулы оқу орны бар уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындейды.

Әскери, арнаулы оқу орнын бітірген және бітіргеннен кейін он жыл қызмет өткермеген (ұшқыштар құрамы үшін – он бес жыл) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшісі не Қазақстан Республикасы құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдарының, азаматтық қорғау органдарының қызметкери теріс себептермен, Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылуға байланысты немесе атtestаттау қорытындысы бойынша анықталған қызметіне сай келмеуі бойынша қызметтөн шығарылған жағдайда, мемлекеттік органдар құрылымына әскери, арнаулы оқу орны кіretін мемлекеттік органды бұл туралы бір ай ішінде хабардар етуге міндettі.

11. Осы Заның 47-бабында көзделген құқықты пайдаланған, қатардағы және сержанттық құрамдардың әскери лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметші теріс себептермен, Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылуға байланысты немесе атtestаттау қорытындысы бойынша анықталған қызметіне сай келмеуі бойынша әскери қызметтөн шығарылған кезде өзін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытуға жұмсалған ақшаны өтеуге міндettі.

12. Мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметші Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты оны әскерге шақыру мерзімі ауыстырылған жағдайда әскери қызмет мерзімі өткенге дейін қызметтөн шығарылуға жатады.

13. Әскери қызметтөн шығарылған адамдар Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен қызметтөн шығару туралы шешімге шағым жасауға құқылы.

Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда – ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2024 № 74-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.07.2024 № 116-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

26-1-бап. Қарулы Құштердің жоғарғы қолбасшылығының президенттік резерві

Ескерту. 26-1-бап алып тасталды – ҚР 10.01.2025 № 156-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

5-тарау. ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ

27-бап. Азаматтарды әскери қызметке шақыру

1. Азаматтарды әскери қызметке шақыру – бұл әскери міндептілік негізінде Қарулы Құштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жеке құраммен жасақтауға бағытталған мемлекеттік органдар жүргізетін іс-шаралар кешені.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыру:

- 1) азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды;
- 2) запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыруды;
- 3) әскери жиындарға шақыруды;

4) жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскерге шақыруды қамтиды.

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

Жергілікті атқарушы органдар әскери басқару органдарын жабдықталған әскерге шақыру (жиын) пункттерімен, оларды қүтіп-ұстауды, дәрі-дәрмектермен, керек-жарақтармен, өртке қарсы, медициналық және шаруашылық мүлкімен, автомобиль көлігімен, сондай-ақ байланыс және күзет құралдарымен қамтамасыз етеді.

Азаматтарды әскери қызметке шақыру үшін осы Занда белгіленген тәртіппен әскерге шақыру комиссиялары құрылады.

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындейды.

4. Ұйымдардың басшылары әскерге шақырылуға жататын азаматтарды іссапарлардан шақыртып алуға, оларды хабардар етуді және азаматтарды, олар әскери қызметке шақырылған кезде медициналық қуәландырудан өткізу үшін әскерге шақыру пунктіне уақтылы келуін ұйымдастыруға міндettі.

5. Уақытша шетелде тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыру олар Қазақстан Республикасына тұрақты тұрғылықты жеріне қайтып келгеннен кейін әскерге шақыруды кейінге қалдыру немесе одан босату құқығы болмаса, осы Занда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Азамат облыстың (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жергілікті әскери басқару органы бастығының оны әскери қызметке шақыру туралы бұйрығы шыққан сәттен бастап әскери қызметке шақырылды деп есептеледі.

7. Алып тасталды - ҚР 04.05.2020 № 321-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 27-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.05.2020 № 321-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

28-бап. Әскерге шақыру комиссиялары

1. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әскерге шақыру комиссиялары жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша әскерге шақыруды жүргізу кезеңінде мынадай құрамда құрылады:

1) комиссия төрағасы – ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы басшысының (әкімінің) орынбасары;

2) комиссия мүшелері:

ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті әскери басқару органының бастығы;

ішкі істер органдарының тиісті аумақтық бөлімшесінің өкілі;

ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың денсаулық сақтау басқармасының тиісті жергілікті органы бастығының (бас дәрігердің) орынбасары – медициналық комиссия төрағасы;

хатшы.

Әскерге шақыру комиссияларының құрамына мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің өзге де өкілдері кіруі мүмкін. Әскерге шақыру комиссиясының сандық құрамы тақ болуға тиіс.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әскерге шақыру комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органы басшысының орынбасары кіреді.

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу графигін жергілікті атқарушы орган бекітеді.

Әскерге шақыру комиссиясының мүшелері азаматтарды мерзімді әскери қызметке заңсыз шақырғаны үшін Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауапты болады.

2. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясы:

1) аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) әскерге шақыру комиссияларының қызметіне басшылық жасау мен бақылауды жүзеге асырады;

2) азаматтарды әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру және одан босату дұрыстығын тексереді;

3) алып тасталды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) алып тасталды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) әскерге шақыру комиссияларының шешімдеріне азаматтар берген шағымдар мен өтініштерді қарайды;

6) аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) әскерге шақыру комиссиялары шешімдерінің күшін жояды.

3. Медициналық куәландыру нәтижелері бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) әскерге шақыру комиссиясы әскерге шақырылуыша қатысты мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) әскери қызметке шақыруға жатады;
- 2) әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылсын;
- 3) әскери қызметке шақырудан босатылсын;
- 4) әскери міндетті атқарудан босатылсын.

Әскерге шақыру комиссиясының шешімі бір құн ішінде әскери қызметке шақырылуға жататын азаматқа хабарланады, шешімнің көшірмесі оның қалауы бойынша қолына беріледі.

Азамат әскерге шақыру комиссиясының шешіміне Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

4. Үекілетті органдардың басшылары денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз адамдарға қатысты әскерге шақыру туралы әскерге шақыру комиссиясы шешімінің күшін жояды және олар әскери ант қабылдағанға дейін оның орнын басқа адаммен ауыстыра отырып, әскерге шақыру комиссиясына қайтарады.

Ескеरту. 28-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2013.01.16 № 71-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

29-бап. Медициналық комиссиялар

1. Азаматтардың әскери қызметке жарамдылық дәрежесін айқындау үшін облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада, қалалармен аудандарда жергілікті атқарушы органдардың шешімімен тұрақты негізде медициналық комиссиялар құрылады, олар:

1) әскерге шақыру жасына дейінгілерді;

2) әскерге шақырылуышыларды;

3) әскери жиындарға шақырылатын әскери міндеттілерді;

4) әскери оқу орындарына, әскери кафедраларға (әскери факультеттерге), Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған үйымдарына келісімшарт бойынша әскери қызметке, резервтегі әскери қызметке кіретін азаматтарды медициналық куәландаудан өткізеді.

2. Алып тасталды - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Медициналық куәландау тәртібі және медициналық комиссиялардың құрамы Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидасында айқындалады.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандағымен.

30-бап. Әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтардың міндеттері

Әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтар көрсетілген күні мен уақытында жергілікті әскери басқару органының шақыруы бойынша (медициналық куәландаураға немесе зерттеп-қарауға, зерделеу жүргізуге, әскерге шақыру комиссиясының отырысына немесе әскери қызмет өткеру үшін әскери бөлімге (мекемеге) жіберу, сондай-ақ әскери қызметке қатыстылығын айқындау үшін) келуге міндетті.

Шақыру келу күніне дейін кемінде күнтізбелік үш күн бұрын ұялы байланыстың абоненттік нөміріне және (немесе) "электрондық үкімет" веб-порталындағы пайдаланушының кабинетіне мәтіндік хабар арқылы шақыру қағазын жіберу жолымен жүзеге асырылады.

Ұялы байланыстың, оның ішінде "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген абоненттік нөмірі туралы мәліметтер болмаған жағдайда, қағаз жеткізгіштегі шақыру қағазы қолма-қол жеткізіледі не тұрғылықты жері тіркелген мекенжай, уақытша тұратын (болатын) жері немесе жұмыс орны бойынша пошта арқылы жіберіледі. Жергілікті әскери басқару органдарының уәкілетті адамдары, ұйым басшысы не пошта операторының курьері шақыру қағазын әскери қызметке шақырылуға жататын азаматқа оның қолын қойғыза отырып, жеке өзіне табыс етеді.

Әскери қызметке шақырылуға жататын азамат қағаз жеткізгіштегі шақыру қағазын қабылдаудан бас тартқан кезде оны табыс ететін адам шақыру қағазына тиісті белгі жасайды, ол жергілікті әскери басқару органына қайтарылады. Шақыру қағазын қабылдаудан бас тартқан азамат тиісті түрде хабарланған болып табылады.

Қажет болған кезде қағаз жеткізгіштегі шақыру қағазы әскери қызметке шақырылуға жататын азаматқа жергілікті әскери басқару органында табыс етіледі, бұл ретте келу күні келесі күннен кешіктірілмей белгіленуге тиіс.

Әскери қызметке шақырылуға жататын азамат шақыру қағазын мынадай жағдайларда:

1) өзі жергілікті әскери басқару органына берген не азаматтың атына тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша алса, жеткізілгенін растайтын есеп алынған кезде;

2) "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөміріне қысқа мәтіндік хабар жіберіле отырып, "электрондық үкімет" веб- порталындағы пайдалануышының кабинетінде;

3) тұрғылықты жері тіркелген мекенжай, уақытша тұратын (болатын) жері немесе жұмыс орны бойынша алса, сондай-ақ шақыру қағазын жергілікті әскери басқару органында алған кезде тиісті түрде хабарланған болып табылады.

Әскери қызметке шақырылуға жататын азамат "электрондық үкімет" веб- порталындағы пайдалануушының кабинетіне және (немесе) ұялы байланыстың абоненттік нөміріне жіберілген мәтіндік хабарды, оның ішінде ұялы байланыстың абоненттік нөмірінің өзгеруіне байланысты оқымаған жағдайда, ол тиісті түрде хабарланған деп танылмайды.

Әскерге шақырылуға жататын азамат шақыру бойынша белгіленген мерзімде келуге кедергі келтіретін дәлелді себептердің болуы туралы өзін шақырған жергілікті әскери басқару органын хабардар етуге міндетті.

Әскери қызметке шақырылуға жататын, шақыру туралы тиісті түрде хабарланған азаматтың келмеуінің дәлелді себептері мыналар болып табылады:

- 1) адамды келу мүмкіндігінен айыратын сырқат;
- 2) жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) қайтыс болуы;
- 3) дүлей зілзалалар, адамды белгіленген мерзімде келу мүмкіндігінен айыратын өзге де себептер;
- 4) неке қиоды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу;
- 5) Қазақстан Республикасынан тысқары жерде болу.

Әскери қызметке шақырылуға жататын азамат жергілікті әскери басқару органының шақыруы бойынша келмеген жағдайда, оның келуін қамтамасыз ету тиісті ішкі істер органына жүктеледі.

2. Әскери қызметке немесе әскери жындарға шақырылуға жататын азаматтардың медициналық комиссиядан өту кезеңінде жергілікті әскери басқару органдарына

шақырылған кезде жұмыс орны (лауазымы), жұмыс орны бойынша жалақысы сақталады.

Ескерту. 30-бап жаңа редакцияда – КР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-бап. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру

Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде жылына екі рет жүргізіледі.

Он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі, әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе әскерге шақырылудан босатылуға құқығы жоқ азаматтар Қарулы Құштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтау үшін қажетті санында мерзімді әскери қызметке шақырылуға жатады.

Мерзімді әскери қызметке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті физикалық және моральдық-психологиялық қасиеттері бар азаматтар шақырылады.

Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

32-бап. Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру

Әскери қызметке жарамды, жиырма тоғыз жасқа дейінгі запастағы офицерлер мен отыз екі жасқа дейінгі медициналық қызметтің запастағы офицерлері уәкілетті органдардың өтінімдері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде бейбіт уақытта офицерлер құрамының лауазымдарында әскери қызмет өткериу үшін әскерге шақырылады.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

33-бап. Әскери міндеттілерді әскери жиындарға шақыру

Әскери міндеттілер:

1) жұмылдыру дайындығы жөніндегі республикалық іс-шаралар шенберінде: әскери басқару органдарына, Қарулы Құштердің әскери бөлімдеріне (мекемелеріне) (Қарулы Құштердің аумақтық әскерлерінің аумақтық органдарын қоспағанда) – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бүйрығы негізінде;

әскери басқару органдарына, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери бөлімдеріне (мекемелеріне) – Қорғаныс министрлігімен келісу бойынша уәкілетті мемлекеттік орган бірінші басшысының бүйрығы негізінде;

2) Қарулы Құштердің аумақтық әскерлерінің аумақтық органдарына жұмылдыру дайындығы, Қазақстан Республикасы аумақтық қорғанысының дайындығы жөніндегі

іс-шаралар шенберінде Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің Бас штабымен келісу бойынша облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің қаулысы негізінде әскери жиындарға шақырылады.

Әскери оқу-жаттығу жиындарына шақырылуға жататын әскери міндептілер әскери міндептілерді қурстық даярлық бағдарламасы бойынша әскери даярлық курсынан өтеулі негізде өтуге құқылы.

Ескерту. 33-бап жаңа редакцияда - ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

34-бап. Азаматтарды жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскерге шақыру

1. Азаматтарды жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақыру Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы негізінде және осы Заңда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылған әскери міндептілер мен әскерге шақырылышыларға жұмыс (қызмет) орны бойынша толық есеп айырысу жүргізіледі, нақты жұмыс істеген уақыты үшін жалақы, жұмыстан шығу жәрдемақысы және пайдаланылмаған демалысы үшін өтемақы төлемдері төленеді. Жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында шақырылған азаматтардың өздері тұрған тұрғын алаңы сақталады. Жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақырылған азаматтардың отбасыларын мемлекеттік қамсыздандыру (жәрдемақылар, зейнетақылар) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

3. Жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар жұмылдыруды жүргізу кезінде, соғыс жағдайы енгізілген және соғыс уақыты кезінде әскери міндептілер мен әскерге шақырылышыларды уақтылы хабардар етуді және оларды шақыру пункттеріне немесе әскери бөлімдерге (мекемелерге) жеткізуді қамтамасыз етуге міндепті.

Ескерту. 34-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

35-бап. Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру

1. Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру азаматтарға мынадай негіздер бойынша:

- 1) отбасы жағдайлары бойынша;
- 2) білім алуды жалғастыру үшін;
- 3) денсаулық жағдайы бойынша;

4) басқа да себептер бойынша беріледі.

2. Отбасы жағдайлары бойынша әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру:

1) басқа адамның көмегіне мұқтаж және толық мемлекеттік қамсыздандыруға алынбаған отбасы мүшелерін күтумен айналысатын, Қазақстан Республикасының аумағында онымен бірге немесе бөлек тұратын жақын туыстары немесе басқа да адамдар болмаған кезде заң бойынша аталған отбасы мүшелерін асырауға міндettі азаматтарға беріледі.

Басқа адамның көмегіне және күтіміне мұқтаж отбасы мүшелері:

әкесі, анасы, зайыбы, сондай-ақ әскерге шақырылушиның ата-анасы болмаған жағдайда, зейнеткер жасына толған немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар болып табылатын атасы мен әжесі, егер олар оның асырауында болса;

ата-анасы болмаған жағдайда, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар болып табылатын немесе он сегіз жасқа толмаған аға-інілері, апа-сіңлілері;

әскерге шақырылушидан басқа бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар болып табылатын немесе он сегіз жасқа толмаған бір және одан да көп балалары бар және оларды жұбайынсыз (зайыбынсыз) тәрбиелеп отырған анасы (әкесі);

өзінің асырауында жасы бойынша еңбекке қабілетсіз немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар болып табылатын бір және одан да көп жалғызілікті туыстары (әкесі, анасы, аға-інілері, апа-қарындастары) бар және оларды жұбайынсыз (зайыбынсыз) асырап отырған анасы (әкесі);

бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адам болып табылатын, екіншісін өзі асырайтын және әскерге шақырылушидан басқа он сегіз жасқа дейінгі бір және одан да көп бала тәрбиелеп отырған ата-анасының бірі;

отбасы мүшелерінің бірінің мүгедектігі бар және әскерге шақырылуши отбасында жалғыз ер бала болып табылады;

2) өзінің асырауында:

анасыз тәрбиелеп отырған баласы (балалары);

ата-анасының қайтыс болуына немесе олардың ата-ана құқығынан айырылуына немесе сот бас бостандығынан айыруға соттауына байланысты кемінде екі жыл тәрбиесінде және асырауында болған адамдар бар азаматтарға;

3) некеде тұрған және бір және одан да көп баласы бар азаматтарға мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру беріледі.

3. Білім алуды жалғастыру үшін әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру тиісті білім беру деңгейіндегі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын азаматқа азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес бүкіл оқу кезеңіне беріледі.

Білім алуды жалғастыру үшін әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру рухани (діни) білім беру ұйымдарында білім алатын азаматтарға, егер осы ұйым Қазақстан

Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асырған жағдайда беріледі.

Білім алуды жалғастыру үшін әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру білім берудің әрбір деңгейі үшін бір рет беріледі.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алып жатқан азаматқа әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру резидентурада, магистратурада немесе докторантурада оқу кезінде тиісінше бір рет беріледі.

Білім алуды жалғастыру үшін әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру шет мемлекеттердің оқу орындарында қашықтан оқытуды қолдану арқылы білім алатын азаматтарға берілмейді.

4. Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру азаматтарға әскерге шақыру комиссиясының шешімімен бір жылға дейінгі мерзімге беріледі.

5. Басқа себептер бойынша әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру:

1) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, мамандандырылған, арнаулы білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға қосымша білім беру ұйымдарында, сондай-ақ әдістемелік кабинеттерде кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтерге – жұмыс істеп жүрген бүкіл кезеңіне;

2) тиісті білімі бар, мамандығы бойынша ауылдық жерлерде тұрақты жұмыс істейтін дәрігерлерге – денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыс істеп жүрген барлық кезеңіне;

3) Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе жергілікті өкілді органдардың депутаттарына – олардың депутаттық өкілеттігі мерзіміне;

4) өздеріне қатысты анықтау, алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан немесе сottар қылмыстық істерін қарап жатқан адамдарға – тиісінше анықтау, тергеу аяқталғанға немесе сот үкімі күшіне енгенге дейін;

4-1) азаматтық әуе кемелерінің ұшу экипажының мүшелеріне, тиісті білімі бар азаматтық авиация инженерлеріне, механиктеріне және техниктеріне азаматтық авиация ұйымдарында жұмыс істеген бүкіл кезеңге;

5) кемелер экипаждарының тиісті білімі бар мүшелеріне су көлігі ұйымдарында жұмыс істеген бүкіл кезеңге;

6) құқық қорғау органдарының және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның білім беру ұйымдарында алғашқы кәсіптік даярлықтан өтіп жатқан адамдарға беріледі.

6. Осы Заңның 41-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес запасқа қойылған азаматтарға осы баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында, 3, 4 және 5-

тармақтарында көзделген жағдайларда әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру беріледі.

7. Әскери жиындарға шақыру кейінге қалдырылмайды.
8. Денсаулық жағдайы бойынша әскерге шақыруды кейінге қалдыруды қоспағанда, жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақыру кезінде азаматтарды әскерге шақыруды кейінге қалдыру тоқтатыла түрады.

9. Денсаулық жағдайы бойынша әскерге шақыруды кейінге қалдыруды қоспағанда, жеке өтінішін, ал осы баптың 2-тармағына сәйкес кейінге қалдыруға құқығы болған кезде – мүдделі адамдардан нотариат қуәландырған тиісті құжат ұсынылған кезде азаматтар азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларында айқындалатын тәртіппен әскерге шақыруды кейінге қалдырудан бас тартуға құқылы және әскери қызметке шақырылуы мүмкін.

10. Осы бапта көзделген әскерге шақыруды кейінге қалдыру үшін негіздерінің күші жойылған азаматтар осы Зандада белгіленген тәртіппен әскерге шақырылуға жатады.

Ескерту. 35-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 363-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.12.2019 № 294-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.01.2021 № 410-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

36-бап. Әскери қызметке және әскери жиындарға шақырудан босату

1. Бейбіт уақытта әскери қызметке шақырудан:
 - 1) денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған;
 - 2) жиырма жеті жасқа толған, занды негіздер бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылмаған;
 - 3) туыстарының бірі (әкесі, анасы, аға-інілері немесе апа-сіңлілері) әскери қызмет өткери кезеңінде қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан, қайтыс болған немесе оған бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген;
 - 4) басқа мемлекетте әскери (баламалы) қызмет өткерген;

4-1) "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 9-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында қызмет өткергендер;

5) ғылыми дәрежесі бар азаматтар;

6) тіркелген діни бірлестіктердің дін қызметкерлері босатылады.

2. Әскери жиындарға шақырудан:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында қорғанысты, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге байланысты лауазымдарда жұмыс істейтін адамдар;

2) мемлекеттік, азаматтық және эксперименттік авиацияның авиациялық персоналы ;

3) ауыл шаруашылығында және ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу үйымдарында жұмыс істейтін адамдар, егіс және егін жинау жұмыстары кезеңіне;

4) күндізгі нысанда оқытатын білім беру үйымдарының педагогтері, оқу жылы кезеңіне;

5) күндізгі нысанда оқытатын білім беру үйымдарында оқытундар;

6) әскери міндетті әйелдер;

7) әскери міндеттілер, запасқа шығарылғаннан кейінгі екі жыл ішінде;

8) он сегіз жасқа дейінгі үш және одан да көп баласы бар адамдар;

9) оларға қатысты анықтау, алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан немесе сот қылмыстық ісін қарап жатқан адамдар;

10) Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе жергілікті өкілді органдардың депутаттары, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері болып сайланған әскери міндеттілер босатылады.

3. Осы баптың 2-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген әскери міндеттілер арнаулы әскери жиындардан өтуден босатылмайды.

4. Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған азаматтар жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақырудан босатылады.

5. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында аталған азаматтарды қоспағанда, әскери қызметке шақырудан босатылуға құқығы бар азаматтар азаматтарды әскерге шақыруды үйымдастыру және жүргізу қағидаларында айқындалатын тәртіппен өздерінің қалауы бойынша әскери қызметке шақырылуы мүмкін.

Осы баптың 2-тармағының 9) тармақшасында аталған адамдарды қоспағанда, әскери жиындарға шақырудан босатылуға құқығы бар азаматтар азаматтарды әскерге шақыруды үйымдастыру және жүргізу қағидаларында және әскери міндеттілерді курстық даярлықтан өткізу қағидаларында айқындалатын тәртіппен тиісінше өздерінің

қалауы бойынша әскери жиындарға шақырылуы мүмкін не әскери міндеттілердің курстық даярлығынан өте алады.

6. Соттылығы бар азаматтар бейбіт уақытта әскери қызметке шақырылуға жатпайды

7. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген әскерге шақырудан босату үшін негіздерінің күші жойылған азаматтар осы Заңда белгіленген тәртіппен әскерге шақырылуға жатады.

Ескерту. 36-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 294-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2021 № 42-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 157-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-тaraу. КЕЛІСІМШАРТ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ

37-бап. Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт

1. Қазақстан Республикасының азаматы Қарулы Құштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың уәкілетті лауазымды адамымен Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасады.

2. Әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт ерікті түрде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес екі тарап арасында жазбаша жасалады және өз қолданысын:

- 1) мерзімнің өтуі бойынша;
- 2) әскери қызметшінің мерзімінен бұрын босатылуына байланысты;
- 3) әскери қызметшінің әскери қызмет өткеру туралы басқа келісімшарт жасасқан күнінен бастап;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де жағдайларда тоқтатады.

3. Әскери қызмет өткеру туралы келісімшартта азаматтың әскери қызметке кіруінің еріктілігі, азаматтың әскери қызметті өткеруге міндеттенген мерзімі және әскери қызметті өткеру туралы келісімшарттың басқа да талаптары бекітіледі.

4. Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттың талаптары азаматтың әскери қызметті өткеру туралы келісімшартта белгіленген мерзім ішінде Қарулы Құштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызмет өткеру міндеттілігін

қамтиды. Әскери қызмет өткери туралы келісімшарт талаптарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер, кепілдіктер мен өтемақылар алуды қоса алғанда, азаматтың өз құқықтары мен өзінің отбасы мүшелері құқықтарының сақталу құқығы көзделеді.

5. Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындаған әскери қызметшілер тиісті лауазымдағы әскери қызметті әскери қызмет өткери туралы келісімшарт жасаспастан өткереді. Осы әскери қызметшілерге келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге қатысты осы Заның талаптары қолданылады.

Аталған әскери қызметшілер лауазымнан босатылғаннан кейін Әскери қызмет өткери қағидаларында айқындалған тәртіппен әскери қызмет өткери туралы жаңа келісімшарт жасасады немесе әскери қызметтен шығарылады.

6. Техникалық және кәсіптік, жоғары білімі бар және алты ай қызмет өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілер Әскери қызмет өткери қағидаларында айқындалатын тәртіппен келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге құқылы.

Ұлан оқудың үшінші курсына ауысқан кезде әскери қызмет өткери туралы келісімшарт жасасады.

7. Офицерлік құрамды әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілер әскери қызмет мерзімі өткеннен кейін Әскери қызмет өткери қағидаларында айқындалатын тәртіппен келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге құқылы.

Ескерту. 37-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен..

38-бап. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдарға қойылатын талаптар

1. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдар мынадай талаптарға сай келуге:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығына ие болуға;
- 2) қажетті жеке, моральдық және кәсіби қасиеттерге, білім деңгейіне ие болуға, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды болуға;
- 3) курсанттарды, кадеттерді қоспағанда, он сегіз жастан кіші болмауға және әскери қызметте болудың шекті жасына толуға:

келісімшарт бойынша әскери қызметке алғаш рет кіретіндер үшін – он екі жыл және алты ай;

келісімшарт бойынша әскери қызметке қайта кіретіндер және қатардағы және кіші сержанттық құрамдардың әскери атақтары барлар үшін – он екі жыл және алты ай;

келісімшарт бойынша әскери қызметке қайта кіретіндер және кіші офицерлік және аға сержанттық құрамдардың әскери атақтары барлар үшін – он жыл;

келісімшарт бойынша әскери қызметке қайта кіретіндер және аға офицерлік немесе жоғары сержанттық құрамның әскери атақтары барлар үшін – бес жыл;

келісімшарт бойынша әскери қызметке қайта кіретіндер және кемінде он екі жыл және алты ай үздіксіз әскери қызметі, арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметі, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі барлар үшін – үш жыл қалғанға дейін;

4) мыналарды:

әйелдерді;

медициналық немесе фармацевтикалық білімі бар ерлерді;.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4) тармақшаны төртінші, бесінші абзацтармен толықтыру көзделген – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

оқудың бір жылды өткеннен кейін әскери оқу орындарынан, Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарының, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның арнаулы оқу орындарынан оқудан шығарып жіберілген адамдарды, ал оқудың екі жылды өткеннен кейін – оқудан шығарып жіберілген ұландарды қоспағанда, мерзімді әскери қызметті өткеруге не әскери кафедрада (әскери факультетте) оқудан немесе әскери-техникалық мамандарды даярлау бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери даярлықтан өтеулі негізде өтуге тиіс.

Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдар әскери қызмет өткеруге байланысты заңдармен белгіленген шектеулерді және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өзіне қабылдайды, олар жазбаша нысанда тіркеледі.

2. Келісімшарт бойынша әскери қызметке:

1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;

2) медициналық (әскери-дәрігерлік) комиссия келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге жарамсыз деп таныған;

3) сот белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырған;

4) әскери қызметшінің әскери қызметте болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өзіне қабылдаудан бас тартқан;

5) алтын тасталды – ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) қылмыс жасағаны үшін бұрын сотталған немесе Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған;

7) активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны ұсынбаған адамды жұмысқа қабылдағаны үшін мемлекеттік қызметші ретінде алғаш рет әкімшілік жауаптылыққа тартылған жағдайды қоспағанда, келісімшарт бойынша өскери қызметке кіргенге дейін үш жыл ішінде әкімшілік сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған;

8) алып тасталды – ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) тізбесін уәкілетті органның басшысы бекітетін лауазымдар үшін психологиялық-физиологиялық немесе полиграфологиялық зерттеуден және (немесе) медициналық куәландырудан өтпеген;

10) қызметке кірер алдындағы үш жыл ішінде қылмыстық теріс қылышқа жасағаны үшін өзіне қатысты соттың айыптау үкімі шыққан немесе қызметке кірер алдындағы үш жыл ішінде қылмыстық теріс қылышқа жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған;

11) мемлекеттік немесе өскери қызметтен, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарынан, құқық қорғау органдарынан, азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен теріс себептермен шығарылған, сондай-ақ судья өкілеттігін теріс себептермен тоқтатқан адам қабылданбайды.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінің күші:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның кәсіптік жарамсыздығына қарай атқаратын лауазымына сай келмеуі туралы шешімінің негізінде судья өкілеттігін тоқтатқан;

қатарынан үш және одан да көп сағат бойы дәлелді себепсіз қызметте болмауына байланысты қызметтен шығарылған, осындай шығарудан кейін екі жыл өткен соң өскери қызметке кіруге құқылы болатын;

өскери қызмет өткери туралы келісімшарт талаптарын жүйелі түрде (екі және одан көп рет) бұзғаны үшін қызметтен шығарылған, осындай шығарудан кейін екі жыл өткен соң келісімшарт бойынша өскери қызметке кіруге құқылы болатын адамға қолданылмайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

11) тармақшаны үшінші бөлікпен толықтыру көзделген – ҚР 10.01.2025 № 156-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Адамдар Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарына келісімшарт бойынша өскери қызметке "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып кіреді;

ҚР Конституциялық Сотының 31.08.2023 № 27 нормативтік қаулысымен осы Заңының 26-бабы 2-тармағының 8) тармақшасымен өзара байланысты болу үшін

қатарынан үш және одан көп сағат бойы дәлелді себепсіз қызметте болмағаны үшін әскери қызметтен шығарылған адамдардың әскери қызметке және құқық қорғау қызметіне кіруіне мерзімсіз тыйым салуды белгілеу бөлігінде осы Заңының 38-бабы 2-тармағының 11) тармақшасы осы құқықтық шектеудің мөлшерлестігінің болмауына байланысты Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейді деп танылды.

12) арнайы тексеруден өтпеген және (немесе) өзі не өзінің ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері) немесе зайыбы және оның ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары) туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлаған;

13) уәкілетті органның басшысы бекіткен дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді орындамаған адам қабылданбайды.

14) алып тасталды – ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

15) алып тасталды – ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамға қатысты арнайы тексеру жүргізіледі.

Тізбесін уәкілетті органның басшысы бекіткен лауазымдарға келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдарға қатысты уәкілетті органның басшысы айқындаған тәртіппен психологиялық-физиологиялық және полиграфологиялық зерттеулер қолданыла отырып, тексеру жүргізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жағдайлардың кез келгенінің болуы келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылады.

3. Денсаулық жағдайына байланысты келісімшарт бойынша әскери қызметке жарамдылығын айқындау үшін Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес медициналық куәландыру жүргізіледі.

4. Сондай-ақ мыналар:

1) осы баптың 2-тармағында көрсетілген мәліметтерді ұсынбау немесе бұрмалау;

2) кандидаттың әскери-есептік мамандығы бойынша бос лауазымдардың болмауы;

3) психикалық-физиологиялық және полиграфологиялық зерттеулердің теріс нәтижелері келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамнан бас тарту үшін негіздер болып табылады.

5. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін кезде азамат және оның зайыбы (жұбайы) "Сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кірістері мен мүлкі туралы декларацияны тапсырғаны туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

Ескерту. 38-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2024 № 74-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 156-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (қолданысқа енгізілу тәтібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

39-бап. Азаматтардың әскери, арнаулы оқу орындарына түсіі, сондай-ақ шығарып жіберу және қайта қабылдау. Әскери, арнаулы оқу орындарында білім алыш жатқан азаматтармен әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттар жасасу

Ескерту. 39-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

1. Жалпы орта білім беру базасында жоғары, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнаулы оқу орындарына түсуге:

1) әскери қызмет өткермеген, оқуға түсетін жылы он жеті жасқа толған, бірақ жиырма екі жастан аспаған азаматтардың;

2) әскери қызмет өткерген азаматтардың және мерзімді әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілердің оқуға түсетін жылы жиырма төрт жасқа толғанға дейін;

3) жиырма бес жасқа толғанға дейін келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілердің құқығы бар.

Азаматтардың әскери, арнаулы оқу орындарына түсіі уәкілетті орган бекітетін Тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларына сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Әскери оқу орындарына қабылдауға конкурс өткізу кезінде тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларына сәйкес конкурстық іріктеудің барлық кезеңінен сәтті өткен жағдайда:

жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балалардың;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақтың үшінші бөлігінің үшінші абзацы жаңа редакцияда көзделген – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен.

әскери даярлық бойынша қосымша бағдарламалары бар білім беру ұйымдары түлектерінің;

еңбек сіңірген жылдары кемінде он бес жыл болатын әскери қызметшілердің, сондай-ақ теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдарды қоспағанда, еңбек

сінірген жылдары жиырма және одан көп жыл болатын әскери қызметтөн шығарылған адамдардың балаларының;

қызмет өткери уақытында қаза тапқан, хабар-ошарсыз кеткен немесе әскери қызмет өткерген кезеңде мүгедек болып қалған әскери қызметшілер балаларының;

"Алтын белгі" белгісімен наградталған адамдардың;

тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын, соңғы үш жылда жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылардың республикалық және халықаралық конкурстарының және спорттық жарыстардың бірінші – үшінші дәрежелі дипломдармен наградталған жеңімпаздарының, өздері таңдаған мамандық олимпиаданың немесе конкурстың пәніне сәйкес келген жағдайда, ағымдағы жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының бірінші – үшінші дәрежелі дипломдармен наградталған жеңімпаздарының артықшылықты құқығы бар.

Шетелдік әскери оқу орындарына оқуға жіберілген әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және әскери қызметті өткери туралы келісімшарттарға, сондай-ақ оқуға шақыруға сәйкес білім алады.

2. Негізгі орта білім беру базасында техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына түсуге оқуға түсетін жылы он бес жасқа толған, бірақ он жеті жастан аспаған азаматтардың құқығы бар.

3. Әскери-дәрігерлік комиссияның оң қорытындысы негізінде қайта қабылданған адамдарды қоспағанда, егер шығарып жіберілген күнінен бастап бір жыл өтпесе, адамның әскери, арнаулы оқу орнына қайта қабылдануына рұқсат берілуі мүмкін.

4. Әскери қызметтен теріс себептермен шығарылған адам әскери, арнаулы оқу орнына қайта қабылданбайды.

5. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнаулы оқу орындарының түлектеріне "лейтенант" әскери атағы беріледі.

Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарын бітіргеннен кейін әскери қызметшілерге "сержант" әскери атағы беріледі.

Әскери-медицина факультетінің курсанттарына "медицина қызметінің лейтенанты" әскери атағы бакалавриат бағдарламасы бойынша окуды аяқтағаннан кейін не үздіксіз интеграцияланған медициналық білімнің білім беру бағдарламасының бесінші оқу жылын аяқтағаннан кейін беріледі.

Әскери интернатура бағдарламалары бойынша не үздіксіз интеграцияланған медициналық білімнің білім беру бағдарламасының алтыншы курсында оқуын жалғастыратын әскери қызметшілер әскери интернің ауыспалы құрамының әскери лауазымында әскери қызмет өткереді.

Ескерту. 39-бап жаңа редакцияда - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2024 № 74-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (қолданысқа енгізілу тәтібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

39-1-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті

Ескерту. 39-1-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 16.11.2023 № 40-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті (бұдан әрі – Ұлттық қорғаныс университеті) әскери оқу орны болып табылады.

2. Ұлттық қорғаныс университетіне түсуге өздерінің кадр органдарының жолдамасы бойынша әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының офицерлік құрамы қызметкерлерінің, сондай-ақ мемлекеттік құпияларға рұқсаты болған кезде Қарулы Күштердің, мемлекеттік органдардың азаматтық персонал адамдарының құқығы бар. Бұл ретте Қарулы Күштердің және мемлекеттік органдардың азаматтық персонал адамдары қашықтан оқытуды қолдана отырып қана білім алады.

3. Ұлттық қорғаныс университетіне жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылданған адамдар әскери қызметші немесе қызметкер мәртебесі сақтала отырып, әскери резидент-дәрігер, магистрант немесе докторант лауазымына тағайындалады.

4. Әскери резидент-дәрігер, магистрант немесе докторант лауазымына тағайындалған әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша Қазақстан Республикасы органдары жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесіне сәйкес ақшалай ризықпен қамтамасыз етіледі.

5. Әскери оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы кемінде үш жылда бір рет біліктілігін арттырудан өтуге тиіс.

Ескерту. 6-тaraу 39-1-баппен толықтырылды - ҚР 13.11.2015 № 398-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2018 № 171-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.01.2021 № 410-VI (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2023 № 40-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.04.2024 № 74-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

40-бап. Әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт мерзімі және оны жасасу тәртібі

Ескерту. 40-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

1. Әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт:

- 1) үш жылға;
- 2) бес жылға;
- 3) он жылға;
- 4) әскери қызметте болудың шекті жасына толғанға дейін;

5) курсанттар және әскери интерндер үшін – әскери, арнаулы оқу орнындағы оқу мерзіміне және оны бітіргеннен кейін әскери қызметтің он жылына (ұшу құрамының курсанттары үшін – оны бітіргеннен кейін әскери қызметтің он бес жылына);

6) тыңдаушылар, магистранттар, докторанттар, адъюнкттер үшін – оқу мерзіміне және әскери, арнаулы оқу орнын бітіргеннен кейін әскери қызметтің бес жылына, әскери резидент-дәрігерлер үшін – әскери қызметтің он жылына не әскери қызметте болудың шекті жасына толғанға дейін;

7) резервтегі әскери адамдар үшін – үш жылға;

8) кадеттер үшін – әскери оқу орнында оқу мерзіміне және оны бітіргеннен кейін әскери қызметтің бес жылына жасалады.

2. Кандидаттарды іріктеу және олардың келісімшарт бойынша әскери қызметке кіру тәртібі Әскери қызметті өткеру қағидаларында айқындалады.

Ескерту. 40-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2024 № 74-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (қолданысқа енгізілу тәтібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

6-1-тарау. Резервтегі әскери қызмет

Ескеरту. 6-1-тараумен толықтырылды – ҚР 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

40-1-бап. Резервтегі әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт

1. Резервтегі әскери қызметті өткеру туралы келісімшартты Қазақстан Республикасының азаматы Қарулы Құштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың уәкілетті лауазымды адамымен жасасады.

2. Резервтегі әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт ерікті түрде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес екі тарап арасында жазбаша жасалады және өзінің қолданысын:

1) мерзімінің өтуі бойынша;

2) әскери қызметшінің мерзімінен бұрын босатылуына байланысты;

3) әскери қызметші әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт немесе резервтегі әскери қызметті өткеру туралы басқа келісімшарт жасасқан күннен бастап;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де жағдайларда тоқтатады.

3. Резервтегі әскери қызметті өткеру туралы келісімшартта азаматтың әскери қызметке кіруінің еріктілігі, азаматтың әскери қызметті өткеруге міндеттенген мерзімі және резервтегі әскери қызметті өткерудің басқа да талаптары бекітіледі.

4. Резервтегі әскери қызметті өткеру туралы келісімшарттың талаптарында азаматтың резервтегі әскери қызметті өткеру көзделген мемлекеттік органдың бірінші басшысы айқындаған мерзімдерде және тәртіппен әскери бөлімге (мекемеге) жауынгерлік даярлық бойынша сабактарға немесе жиындарға және дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындарға келу міндеті қамтылады.

Резервтегі әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт талаптарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген женілдіктер, кепілдіктер мен өтемақылар алуды қоса алғанда, азаматтың өз құқықтары мен өзінің отбасы мүшелері құқықтарының сақталу құқығы қамтылады.

40-2-бап. Резервтегі әскери қызметке кіретін адамдарға қойылатын талаптар

1. Резервтегі әскери қызметке кіретін адамдар мынадай талаптарға сай келуге тиіс:

1) Қазақстан Республикасы азаматтығының болуы;

2) қажетті жеке, моральдық және кәсіби қасиеттерінің, білім деңгейінің болуы, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды болуы;

3) он сегіз жастан кіші болмауы және резервтегі әскери қызметте болудың шекті жасына дейін үш жыл қалуы;

4) әйелдерді қоспағанда, мерзімді әскери қызметті өткеруі не әскери кафедрада (әскери факультетте) оқудан немесе әскери-техникалық мамандарды даярлау бойынша Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери даярлықтан өтеулі негізде өтуі.

Резервтегі әскери қызметке кіретін адамдар әскери қызмет өткеруге байланысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді және "Сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыйайлас жемқорлықта қарсы шектеулерді өзіне қабылдайды, олар жазбаша нысанда тіркеледі.

2. Резервтегі әскери қызметке:

- 1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;
- 2) медициналық (әскери-дәрігерлік) комиссия резервтегі әскери қызметке кіруге жарамсыз деп таныған;

3) сот белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырған;

4) резервтегі әскери адамның әскери қызметте болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді және "Сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыйайлас жемқорлықта қарсы шектеулерді өзіне қабылдаудан бас тартқан;

5) қылмыс жасағаны үшін бұрын сотталған немесе Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған;

6) мемлекеттік қызметші ретінде активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны ұсынбаған адамды жұмысқа қабылдағаны үшін алғаш рет әкімшілік жауаптылықта тартылған жағдайды қоспағанда, резервтегі әскери қызметке кіргенге дейінгі үш жыл ішінде әкімшілік сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған;

7) психофизиологиялық зерттеуден және (немесе) медициналық куәландырудан өтпеген;

8) резервтегі әскери қызметке кірер алдындағы үш жыл ішінде қылмыстық теріс қылышқа жасағаны үшін өзіне қатысты соттың айыптау үкімі шыққан немесе қызметке кірер алдындағы үш жыл ішінде қылмыстық теріс қылышқа жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған;

9) Қазақстан Республикасының мемлекеттік немесе әскери қызметінен, арнаулы мемлекеттік органдарынан, құқық қорғау органдарынан, азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен теріс себептер бойынша шығарылған, сондай-ақ теріс себептер бойынша судья өкілеттігін тоқтатқан адам қабылданбайды.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінің күші:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның кәсіптік жарамсыздығына орай атқаратын лауазымына сай келмеуі туралы шешімінің негізінде судья өкілеттігін тоқтатқан;

қатарынан үш және одан көп сағат бойы дәлелді себепсіз қызметте болмауына байланысты қызметтөн шығарылған адамға қолданылмайды, ол осындай қызметтөн шығарылғаннан кейін екі жыл өткен соң резервтегі әскери қызметке кіруге құқылы.

3ҚАИ-ның ескертпесі

9) тармақшаның үшінші бөлігі 01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР 18.03.2025 № 175-VIII Заңымен (мәтін алып тасталды).

Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарына резервтегі әскери қызметке "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып кіреді;

10) арнаулы тексеруден өтпеген және (немесе) өзі не өзінің ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары) немесе жұбайы және оның ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары) туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлаған;

11) резервтегі әскери қызметті өткеру көзделген уәкілдettі органның бірінші басшысы бекіткен дene шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді орындаған;

12) Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында және құқық корғау органдарында қызмет өткеріп жүрген;

13) вахталық әдіспен не ауысымдық жұмыста жұмыс істеп жүрген адам;

14) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де адамдар қабылданбайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жағдайлардың кез келгенінің болуы резервтегі әскери қызметке қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылады.

3. Резервтегі әскери қызметке кіретін адамға қатысты арнайы тексеру жүргізіледі.

Резервтегі әскери қызметке кіретін адамдарға қатысты резервтегі әскери қызметті өткеру көзделген мемлекеттік органның басшысы айқындаған тәртіппен психофизиологиялық зерттеулер қолданыла отырып, тексеру жүргізіледі.

4. Денсаулық жағдайы бойынша резервтегі әскери қызметке жарамдылығын айқындау үшін Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес медициналық қуәландыру жүргізіледі.

5. Сондай-ақ мыналар:

1) осы баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мәліметтерді ұсынбау немесе бұрмалау;

2) кандидаттың әскери-есептік мамандығы бойынша бос лауазымдардың болмауы;

3) психофизиологиялық зерттеулердің теріс нәтижелері;

4) осы Заңның 36-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында және 2-тармағының 1), 2), 5) және 9) тармақшаларында көрсетілген босату резервтегі әскери қызметке кіретін адамға бас тарту үшін негіздер болып табылады.

6. Осы Заңның 8-бабының 2), 3) және 4) тармақшаларының талаптары резервтегі әскери адамға қолданылмайды.

Ескерту. 40-2-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

40-3-бап. Резервтегі әскери қызметті өткеру туралы келісімшарттың мерзімі және оны жасасу тәртібі

1. Резервтегі әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт үш жылға жасалады.

2. Кандидаттарды іріктеу және олардың резервтегі әскери қызметке кіру тәртібі Әскери қызмет өткеру қағидаларында айқындалады.

40-4-бап. Жауынгерлік даярлық бойынша сабактардан немесе жиындардан, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындардан өту

1. Резервтегі әскери адамдар резервтегі әскери қызметті өткеру көзделген мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындаған тәртіппен жауынгерлік даярлық бойынша сабактардан немесе жиындардан, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындардан өтеді.

Жауынгерлік даярлық бойынша сабактар айна күнтізбелік үш күнге дейінгі, бірақ жылына күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде өткізіледі.

Жауынгерлік даярлық бойынша сабактарды өткізіп алған кезде резервтегі әскери адам көрсетілген сабактарға әскери бөлімнің (мекеменің) командирімен (бастығымен) келісу бойынша басқа бос уақытта баруға міндетті.

Ұзактығы күнтізбелік отыз күн болатын жауынгерлік даярлық бойынша жиындар осы жиындардың соңғы күндерінде екі демалыс күні беріле отырып, жылына бір рет өткізіледі.

2. Резервтегі әскери адамдар дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындар жарияланған жағдайда, резервтегі әскери қызметті өткеру көзделген мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындаған мерзімдерде және тәртіппен әскери бөлімге (мекемеге) келуге міндетті.

3. Жауынгерлік даярлық бойынша сабактарда немесе жиындарда, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындарда болған кезеңдерде резервтегі әскери адамның жұмыс орны (лауазымы) сақталады.

7-тарау. ЗАПАСТА ТҰРУ

41-бап. Запасқа қою

1. Запаста болудың шекті жасына толмаған:

1) әскери немесе құқық қорғау қызметінен немесе азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен шығарылған;

2) Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызметтен: қатардағы және сержанттық құрамдар қатарынан;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінен; теріс себептермен;

қызмет өткеру туралы келісімшарт талаптарын орындамауға байланысты шығарылған;

3) әскери қызметке шақырудан босатылуына байланысты әскери қызмет өткермеген ;

4) жиырма жеті жасқа толғаннан кейін әскерге шақыруды кейінге қалдырудың берілуіне байланысты әскери қызмет өткермеген;

5) әскери-есептік мамандығы бар әйелдер;

6) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының әскери кафедраларында (әскери факультеттерінде) запастағы офицерлер және запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери даярлықтан өткен;

7) Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған үйымдарында өтеулі негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша оқудан өткен адамдар запасқа алынды деп есептеледі.

2. Запаста тұратын адамдар әскери қызметке жарамдылығын айқындау үшін Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидаларына сәйкес медициналық куәландырудан өтеді.

3. Мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған және жиырма жеті жасқа толуына байланысты әскерге шақыруды кейінге қалдырудың берілуімен әскери қызмет өткермеген адамдарды, сондай-ақ Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған үйымдарында әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша өтеулі негізде оқудан өткен азаматтарды ауданың, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті әскери басқару органдары запастағы "қатардағы жауынгер" ("матрос") әскери атағын бере отырып, запасқа алады.

4. Запасқа қойған кезде адамдардың әскери-есептік мамандығын ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті әскери басқару органдары әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларына сәйкес айқындейды.

5. Ұлттық қауіпсіздік органдары және сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган үшін әскери міндеттілердің запасы Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес жасалады.

5-1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінен шығарылған қызметкерлер өздерінің арнаулы атағына тең запастағы әскери атақ беріле отырып, запасқа алынып, жергілікті әскери басқару органдарына есепке алуға жіберіледі.

6. Запаста болу әскери жиындардан (әскери міндettілердің курстық даярлығынан) өтуді, әскери қызметке шақыруды үйымдастыру және жүргізу қағидаларын орындауды және әскери есепке алу бойынша міндettтерді сактауды білдіреді.

7. Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары әскери қызметшілерінің қолданыстағы резервте болуы барлау қызметі шенберінде жүктелген жедел міндettтерді орындау кезінде әскери қызмет өткеруді қамтиды. Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары әскери қызметшілерінің қолданыстағы резервте болу тәртібін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі айқындейды.

8. Запасқа қойылған әскери міндettілер әскери жиындардан (әскери міндettілердің курстық даярлығынан) өткен немесе келісімшарт бойынша әскери қызмет өткерген жағдайда олар резервке қойылған әскери міндettілер санатына ауыстырылады.

Ескерту. 41-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

42-бап. Запаста тұрудың шекті жасы

1. Әскери міндettілердің запаста тұруының шекті жасы мынадай болады:

- 1) катардағы және сержанттық құрамдар – елу жасты қоса алғанда;
- 2) офицерлер құрамы үшін – алпыс жасты қоса алғанда.

2. Әскери міндettі әйелдердің запаста тұруының шекті жасы мынадай болады:

- 1) катардағы және сержанттық құрамдар үшін – отыз бес жасты қоса алғанда;
- 2) офицерлер құрамының адамдары үшін – қырық бес жасты қоса алғанда.

3. Запаста тұрудың шекті жасына толған әскери міндettілер немесе денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдар әскери есептен шығарыла отырып, отставкаға ауыстырылады.

4. Соғыс уақытында Қазақстан Республикасының Президенті запаста тұрудың шекті жасын бес жылға дейін ұзартуы мүмкін.

Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

43-бап. Әскери жиындардан өту

1. Әскери міндettілер оқу-жаттығу, тексеру және арнайы әскери жиындарға шақырылады немесе өтеулі негізде курстық даярлықтан өтеді.

2. Ұзақтығы екі айға дейінгі оқу-жаттығу жиындарына әскери міндettілер бес жылда бір рет шақырылады.

Әскери міндеттілердің курстық даярлық бағдарламасы бойынша толық курстан өтуі әскери оқу-жаттығу жиындарынан өтумен теңестіріледі.

3. Әскери міндеттілер оқу-жаттығу жиындары арасындағы кезеңде он бес күнге дейінгі мерзімге тексеру жиындарына тартылуы мүмкін.

4. Запаста тұру уақытындағы жиындардың жалпы мерзімі әскери міндеттілер үшін он сегіз айдан аспауға тиіс. Бұл ретте оқу-жаттығу жиындарында болудың жалпы мерзіміне тексеру жиындарында болған уақытта есептеледі.

5. Арнаулы әскери жиындар ұзақтығы үш айға дейін жүргізіледі.

6. Әскери жиындар кезеңінде әскери міндеттілердің жұмыс орны мен атқаратын лауазымы сақталады, оларға бюджет қаражаты есебінен орташа, бірақ республика бойынша орташа жалақыдан жоғары емес жалақы, ал жұмыс істемейтіндерге ең төмен жалақы төленеді.

Әскери міндеттінің дәлелсіз себептермен жиындар орналасқан жерден тыс болған уақыты әскери жиындардан өту мерзіміне есептелмейді.

Ескерту. 43-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Зандалымен.

8-тарау. ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

44-бап. Әскери қызметшілерді әлеуметтік қамсыздандыру

1. Әскери жиындар кезеңіндегі әскери міндеттілерді және резервтегі әскери адамдарды қоспағанда, әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын Қазақстан Республикасы органдары жұмыскерлерінің еңбекіне ақы төлеудің бірынғай жүйесі негізінде белгіленетін ақшалай ризықпен қамтамасыз етіледі.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді, әскери, арнаулы оқу орындарының кадеттері мен курсанттарын қоспағанда, әскери қызметшілердің ақшалай ризығы ақшалай жабдықталымды (лауазымдық айлықақыны және әскери атағы бойынша айлықақыны), қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін ұстемеақыларды және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да ұстемеақылар мен қосымша ақыларды қамтиды.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің, әскери, арнаулы оқу орындарының кадеттері мен курсанттарының ақшалай ризығы (стипендиясы) лауазымдық айлықақыны ғана қамтиды.

Лауазымдық айлықақыны есептеу үшін қызмет өтіліне:

- 1) еңбек сінірген жылдары;
- 2) мемлекеттік қызметте болу уақыты;

3) әскери қызметке кірер алдында соңғы мемлекеттік ұйымда басшылық лауазымдардағы немесе сәйкес мамандықтар бойынша лауазымдардағы жұмыс уақыты кіреді.

Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің лауазымдық айлық ақыларымен әскери атақтары бойынша айлық ақыларының мөлшері тиісті лауазымдардағы мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық айлықақыларының мөлшерінен және тиісті арнаулы атақтар мен сыныптық шендерге қосымша ақылар мөлшерінен төмендетілмей белгіленеді.

Әскери қызметшілерге ақшалай ризық:

- 1) дәлелсіз себептермен әскери қызметте болмаған;
- 2) осы Заңның 21-бабы 5-тармағының 6), 8) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайларда әскери емес лауазымдарда әскери қызмет өткерген;
- 3) қамақта болған кезеңдерде;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда төленбейді.

Ақшалай ризықты, жәрдемақылар мен басқа да төлемдерді төлеу тәртібін үәкілетті органдар белгілейді.

1-1. Резервтегі әскери адамдар жауынгерлік даярлық бойынша жиындардан немесе дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындардан өту кезеңін қоспағанда, ай сайын бюджет қаражаты есебінен ең төмен жалақы мөлшерінде ақшалай төлем алады.

Резервтегі әскери адамдарға жауынгерлік даярлық бойынша жиындарды немесе дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындарды өткізу кезеңінде бюджет қаражаты есебінен:

жұмыс істейтін адамдарға – жұмыс орны бойынша орташа айлық жалақы;
жұмыссыз адамдарға – ең төмен жалақы төленеді.

Резервтегі әскери адамдарға өзге төлемдер, үстемеақылар, қосымша ақылар көзделмейді.

2. Әскери қызметшілерге жарылу қаупі бар заттарды және өзге де жарылғыш құрылғыларды іздеу, тасымалдау, залалсыздандыру және жою жөніндегі жауынгерлік міндеттерді орындаған кезде үәкілетті орган айқындастын тәртіппен тәулігіне бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

3. Радиоактивті материалдарды, иондаушы сәулелену көздерін, аса жоғары жиілікті және (немесе) зымыран отынының құрамдастарын пайдаланумен, сақтаумен байланысты лауазымдарда қызмет өткеретін, сондай-ақ көрсетілген жұмыстарға және объектілерде радиоактивті материалдарды, иондаушы сәулелену көздерін, аса жоғары жиілікті және (немесе) зымыран отынының құрамдастарын пайдаланумен, сақтаумен

байланысты авария салдарларын жою жөніндегі жұмыстарға уақытша тартылатын әскери қызметшілерге нақты жұмыс істеген уақытына тепе-тен ұзақтығы жылына он екі тәулікке дейін қосымша демалыс беріледі.

4. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара бөлімшелерінде және бөлімдерінде тұратындарды қоспағанда, коммуналдық қызметтерге арналған шығыстарды төлеу үшін уәкілетті органдардың бірінші басшылары айқындастын тәртіппен, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген мөлшерде ақшалай өтемақы төленеді.

5. Әскери қызметшілерді әскери-медициналық мекемелерде (ұйымдарда, бөлімшелерде) медициналық қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5-1. Әскери қызметшілердің әскери қызмет өткеру орнында немесе тұрғылықты жерінде әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелер немесе оларда тиісті бөлімшелер, мамандар не арнайы жабдық болмаған кезде медициналық көрсетілімдер бойынша әскери қызметшілерге медициналық көмекті денсаулық сақтау субъектілері:

1) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде;

2) "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетеді.

Әскери қызметшілерге осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген медициналық көмекті көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жүзеге асырады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде әскери қызметшілерге медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуге әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының шығындарын өтеу денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға көзделген бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Медициналық көрсетілімдер болған кезде әскери қызметшіге құрылымында өздері әскери қызмет өткеретін Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қаражаты есебінен санаторийлік-курорттық емдеу ұсынылады.

Резервтегі әскери адамдар жауынгерлік даярлық бойынша сабактардан немесе жиындардан не дағдарыстық ахуал кезіндегі жиындардан өту кезеңінде келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер үшін көзделген бюджет қаражаты есебінен медициналық қамтамасыз етуді толық көлемде алады.

6. Әскери қызметшілер бюджет қаражаты есебінен бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен нормалар бойынша және уәкілетті органның бірінші басшысы айқындастын тәртіппен заттай мүлікпен қамтамасыз етіледі.

7. Әскери қызметшілер бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық мемлекеттік органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органдарының бірінші басшылары белгілейтін нормалар бойынша мынадай жағдайларда:

- 1) жауынгерлік кезекшілікті атқарған кезде;
- 2) қарауылдағы қызметті атқарған кезде;
- 3) тәуліктік нарядты атқарған кезде;
- 4) далалық шығуларға (теңізге шығуларға) қатысқан кезде;
- 5) орналасқан орындарда дауылға қарсы әзірлік кезіндегі іс-шараларды жүзеге асырған кезде;
- 6) маяктарда вахтада тұрған кезде;
- 7) сусты міндеттерін (жұмыстарын) орындаған кезде;
- 8) парашютпен секірген кезде;
- 9) күзету бойынша әскери эшелон, қарауыл құрамында барған және әскери жүкпен қабылдау орнына дейін және кері қайтқанда ілесіп жүрген кезде;
- 10) әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерде стационарлық емделуде (медициналық куәландыруда) болған кезде;
- 11) гауптвахтаға жапқан кезде;
- 12) бітімгершілік операцияға қатысқан кезде, сондай-ақ бітімгершілік операция жүргізу аймағына (ауданына) бару және кері қайту кезінде тамақтандырумен қамтамасыз етіледі.

Ұшқыштар құрамының әскери қызметшілері әскери қызмет өткери уақытында тамақтанумен қамтамасыз етіледі.

Авиациялық техникаға қызмет көрсетуге және ұшуларды қамтамасыз етуге рұқсат етілген инженерлік-техникалық құрам ұшуларды дайындау және орындау кезеңінде тамақтанумен қамтамасыз етіледі.

Негізгі азық-түлік үлестерінің белгіленген нормалары бойынша тамақтандырумен қамтамасыз етуге мүмкін болмаған кезде келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге уәкілетті органның басшысы айқындаған тәртіппен жалпы әскери үлес құны мөлшерінде ақшалай өтемақы төленеді.

Әскери-оку практикасы кезеңінде әскери кафедралардың (әскери факультеттердің) өтеусіз негізде білім алғып жатқан студенттері, әскери оқу орындарына тұсу кезінде әскерге шақырылуышылар, сондай-ақ оқуға тұсу емтихандарын тапсыру үшін келген және әскери колледждерде казармалық жағдайда тұратын кандидаттар бюджет қаражаты есебінен тиісті нормалар бойынша тамақтандырумен қамтамасыз етіледі.

Әскери-оқу практикасы кезеңінде әскери кафедралардың (әскери факультеттердің) өтеулі негізде білім алғып жатқан студенттері өз жанында тиісті әскери кафедралар (әскери факультеттер) жұмыс істейтін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының есебінен тиісті нормалар бойынша тамақтандырумен қамтамасыз етіледі.

Тамақтандыруды үйымдастыру тәртібін үәкілетті органның басшысы айқындайды.

Ұдайы жауынгерлік әзірліктегі әскери бөлімдерде взвод (топ, есептоп) және рота (батарея, жеке взвод, 4-дәрежелі корабль) бөлімшелеріндегі офицерлік құрам лауазымдарындағы, сондай-ақ қатардағы және сержанттық құрамдар лауазымдарындағы Қарулы Күштердің әскери қызметшілері қызмет уақытының регламентінде белгіленген жұмыс күндері бюджет қаражаты есебінен тамақтандырумен (тұсқі аспен) қамтамасыз етіледі. Әскери бөлімдердің тізбесін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі айқындайды.

Резервтегі әскери адамдар:

- 1) жауынгерлік даярлық бойынша жиындардан немесе дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындардан өту кезінде тамақтандырумен;
- 2) жауынгерлік даярлық бойынша сабактарда болған кезеңде тұсқі аспен қамтамасыз етіледі.

8. Үәкілетті орган айқындаған тәртіппен әскери қызметшілердің:

- 1) әскери қызметке, әскери жиындарға шақырылған;
- 2) басқа жергілікті жерге, оның ішінде әскери бөлімнің (мекеменің) немесе бөлімшенің құрамында жаңа қызмет орнына ауысқан;
- 3) үәкілетті орган жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнаулы оқу орындарына, басқа да білім беру үйымдарына, оның ішінде шетелдік оқу орындарына оқуға жіберген, сондай-ақ ұлгерімсіздігі, тәртіпсіздігі үшін, басқа да теріс себептермен немесе өз бастамасы бойынша шығарып жіберу жағдайларын қоспағанда, оқу бітіргеннен кейін;
- 4) әскери-медициналық бөлімшелер Қазақстан Республикасының шегінде стационарлық емдеу орнына, оның ішінде әскери-дәрігерлік (ұшу) комиссиядан өту үшін жіберген және кері қайтқан;
- 5) қызметтік іссапармен жол жүрген және кері қайтқан;
- 6) оқу-жаттығуларға, далалық шығуға (тенізге шығуға), әскерлер парадтарына жол жүрген және кері қайтқан;
- 7) төтенше жағдайларды жоюға қатысқан және кері қайтқан;
- 8) ұрыс қымылдарына, төтенше немесе соғыс жағдайларында, сондай-ақ қарулы қақтығыстар жағдайларында міндеттерді орындауға қатысқан;
- 9) бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі бітімгершілік операцияларға қатысқан;
- 10) терроризмге қарсы операцияларға қатысқан;

11) әскери жүктөрді, оның ішінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерден тұратын құжаттарды, бұйымдарды және әскери жүктөрді күзету және ілесіп жүру бойынша қарауыл құрамында қабылдау (тапсыру) орындарына дейін барған және кері қайтқан;

12) мыналармен:

әскери шақырылғандар, әскери міндептілер бар командалармен;

қамаққа алынған, ұсталған әскери қызметшілермен, әскери міндептілермен;

қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшінің мәйіті салынған табытпен жерлеу орнына дейін ілесіп жүрген және кері қайтқан жағдайларда, теміржол, автомобиль және ішкі су көлігімен бюджет қаражаты есебінен жол жүрге құқығы бар.

Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің уәкілетті органның басшысы айқындастын тәртіппен әуе көлігімен бюджет қаражаты есебінен жол жүрге құқығы бар.

Курсанттарды, кадеттерді, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді және резервтегі әскери адамдарды қоспағанда, әскери қызметшілерге басқа жергілікті жерге жаңа қызмет орнына ауысқан кезде Қазақстан Республикасының шегінде өз мүлкін тасымалдау үшін ақша уәкілетті органның басшысы айқындастын тәртіппен автомобиль жолының әрбір 20 километріне бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бюджет қаражаты есебінен төленеді.

Курсанттарды, кадеттерді, әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілерді және резервтегі әскери адамдарды қоспағанда, әскери қызметшілер 100 километрден астам қашықтықтағы басқа жергілікті жерге жаңа қызмет орнына (оның ішінде әскери бөлім (мекеме) немесе бөлімше құрамында) ауыстырылған кезде оларға әскери қызметшінің өзіне екі айлық ақшалай қаражат және әрбір отбасы мүшесіне:

1) жұбайына (зайыбына);

2) сот шешімі негізінде бөлек тұратын, бұрынғы некеден (некелерден) (ерлі-зайыптылықтан) туған баланы (балаларды) қоспағанда, баласына (балаларына), оның ішінде ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің баласына (балаларына);

3) сот шешімі негізінде бөлек тұратын, бұрынғы некеден (некелерден) (ерлі-зайыптылықтан) туған мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) қоспағанда, жасына қарамастан, ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің мүгедектігі бар баласына (мүгедектігі бар балаларына), оның ішінде бала кезінен мүгедектігі бар адамға (мүгедектігі бар адамдарға) бір айлық ақшалай қаражаттың жартысы мөлшерінде көтерме жәрдемақы төленеді.

Бұл ретте, егер ерлі-зайыптылардың екеуі де әскери қызметші болып табылса немесе олардың біреуі Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкері болып табылса, онда әрбір отбасы мүшесіне бір айлық ақшалай қаражаттың жартысы мөлшеріндегі отбасы мүшелеріне көтерме жәрдемақы уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындастын тәртіппен олардың біреуіне ғана төленеді.

9. Далалық төлемдер уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындаған тәртіппен, тұрақты тұрғылықты жерінен тыс орналасқан жеріне қарамастан, далалық шығуда (арнаулы далалық жұмыстарды қоспағанда), теңізге шығуда болғаны үшін, оқу-жаттығуларға немесе кемелердің жорықтарына қатысқаны үшін іссапар шығыстары төленбестен, тәулігіне 1,2 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 44-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2015 № 321-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 30.06.2017 № 80-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 165-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2024 № 74-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

45-бап. Әскери қызметшілердің және олардың отбасы мүшелерін тұрғынжаймен қамтамасыз ету

Әскери қызметшілер (мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді, резервтегі әскери адамдарды, курсанттар мен кадеттерді, әскери жиындарға шақырылған әскери міндептілерді қоспағанда) және олардың отбасы мүшелері әскери қызмет өткеру кезеңінде "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен тұрғынжаймен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 45-бап жаңа редакцияда – КР 30.06.2025 № 203-VIII (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

46-бап. Әскери қызметшілердің демалыстары

1. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге екілауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төлене отырып, жыл сайынғы негізгі демалыс беріледі, оның ұзақтығы еңбек сінірген жылдарына қарай күнтізбелік есептеумен белгіленеді:

- 1) кемінде он жыл – 30 тәулік;
- 2) он жылдан он бес жылға дейін – 35 тәулік;
- 3) он бес жылдан жиырма жылға дейін – 40 тәулік;
- 4) жиырма және одан көп жыл – 45 тәулік.

Ұшу жұмыстарында, корабльдік қызметте болатын, жауынгерлік кезекшілік, жауынгерлік қызмет атқаратын, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі белгілейтін тізбе бойынша жергілікті жерлерде қызмет өткеретін әскери қызметшілерге жыл сайынғы негізгі демалысқа қосымша 10 тәулік демалыс беріледі.

Жыл сайынғы негізгі демалыстың ұзақтығы демалыс күндеріне келетін мереке күндерді есептемей, күн тәртібіне және қызметтік уақыт регламентіне қарамастан, құнтізбелік күндермен есептеледі.

Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге (әскери интерндерге, әскери резидент-дәрігерлерге, магистранттарға, докторанттарға, адъюнкттерге) жазғы каникулдық демалыс берумен, жыл сайынғы негізгі демалыс беріле отырып, екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төлеу жүргізіледі.

Әскери интерндердің, әскери резидент-дәрігерлердің, магистранттардың, докторанттардың, адъюнкттердің жазғы және қысқы каникулдық демалысының жиынтығы жыл сайынғы негізгі демалысқа теңестіріледі.

Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметші теріс себептермен әскери қызметтен шығарылған жағдайда, ол сауықтыруға арналған жәрдемақы сомасын қызмет өткермеген уақытына пропорционалды түрде өтеуге міндettі.

1-1. Резервтегі әскери адамдарға жыл сайынғы еңбек демалысы жұмыс орны бойынша беріледі.

Жыл сайынғы еңбек демалысы жауынгерлік даярлық бойынша сабактар немесе жиындар өткізу кезеңімен сәйкес келмеуге тиіс.

2. Әскери қызметшілерге жыл сайынғы негізгі демалыстан басқа Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген қосымша демалыстар беріледі.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден, кадеттер мен курсанттардан басқа, әскери қызметшіге оның баянаты бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде айқындалатын тәртіппен бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыс беріледі.

Жыл сайынғы негізгі және қосымша демалыстардың жалпы ұзақтығы тиісті жылға 60 тәуліктен аспауға тиіс, бұл ретте демалыс орнына дейін жол жүру және кері қайту үшін қажетті уақыт қосымша беріледі. Демалыс орнына дейін жол жүру және кері қайту үшін қажетті уақытты беру тәртібі Әскери қызмет өткеру қағидаларында белгіленеді.

Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшінің демалысы қызмет мүддесі ескеріле отырып, бөліктеге бөлінуі мүмкін.

3. Мерзімді қызмет әскери қызметшілеріне жалпыәскери жарғыларда айқындалған тәртіпте көтермелегенде қысқа мерзімді демалыс беріледі.

4. Қажет болған кезде әскери қызметшілерге ауыруы бойынша, отбасы жағдайлары бойынша қысқа мерзімді, ал әскери, арнаулы оқу орындарында (әскери факультеттерде) оқитындарға каникулдық демалыстар беріледі.

Әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден, кадеттер мен курсанттардан басқа) оқуға түсу емтихандарына дайындалу және тапсыру үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқу кезеңінде оқу жоспарында айқындалған мерзімге оқу демалыстары беріледі, ал ғылым кандидаты, докторы ғылыми дәрежелерінің, философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежелерінің ізденушілері болып табылатын әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шығармашылық демалыстар беріледі.

5. Жыл сайынғы негізгі демалыс жұмылдыру, соғыс немесе төтенше жағдай жарияланған жағдайда, соғыс уақытында және қызметтік қажеттілік жағдайында үекілетті органның бірінші басшысы айқындайтын тәртіппен тоқтатылады. Бұл ретте демалыстың пайдаланылмаған бөлігі ағымдағы жылы немесе келесі жылы беріледі.

Егер демалыстың пайдаланылмаған бөлігі он және одан астам күнтізбелік күнді құраса, әскери қызметшілерге демалыс өткізу орнына бару және кері қайту үшін қажетті уақыт қосымша беріледі.

Демалыстың өткен жылы пайдаланылмаған бөлігі әскери қызметшіге оның баянаты бойынша ағымдағы жылы бөлек беріледі не жыл сайынғы негізгі ақы төленетін демалысына қосылады.

6. Өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін немесе оқуға Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге жіберілген әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының аумағында қызмет өткеретіндердің демалысқа құқықтарын пайдаланады.

7. Әскери қызметшілердің жұмыс істейтін зайдіттарына (жұбайларына) жыл сайынғы демалыстар жұмыс берушімен келісу бойынша олардың жұбайларының (зайдіттарының) кезекті демалысымен бір мезгілде берілуі мүмкін. Бұл ретте демалыс ұзақтығы жұмыс берушімен келісу бойынша жалақы сақталмайтын қосымша демалыс беру есебінен жұбайының (зайдібының) демалыс ұзақтығына тең болуы мүмкін.

Ескерту. 46-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.11.2015 № 398-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2024 № 74-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен

кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

47-бап. Қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерін әлеуметтік қамсыздандыру ерекшеліктері

Ескерту. 47-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – КР 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

Қатардағы және сержанттық құрамдардың әскери лауазымдарында күнтізбелік есептеуде кемінде сегіз жыл қызмет өткерген келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында ақылы негізде оқуға жұмсалатын шығындарын бюджет қаражаты есебінен оқыту құнының елу пайзы мөлшерінде өтетуге құқылы. Осы құқықты әскери қызметшілер бір рет пайдалана алады.

Әскери қызметшіге көрсетілген шығындарды өтеуді құрылымында әскери қызметші әскери қызмет өткеретін уәкілетті орган жүргізеді.

Әскери қызметшіні басқа білім беру үйымына ауыстыру кезінде Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында оқуға жұмсалатын шығындарды өтеу мөлшері түзетілуге жатады.

Әскери қызметшіге академиялық демалыс берілген кезде оның Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында оқуға жұмсалған шығындарды өтету құқығы сақталады.

Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында оқуға жұмсалатын шығындарды өтетуге құқылы әскери қызметшіге, ол оқыған (оқитын) білім беру үйымы таратылған және қайта үйымдастырылған, әрекетін тоқтатқан, білім беру үйымы лицензиясынан айырылған жағдайларда басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында оқуға жұмсалатын шығындарды өтетуге кепілдік беріледі.

Ескерту. 47-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

48-бап. Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді, әскери, арнаулы оқу орындарының ұландарын, кадеттері мен курсанттарын әлеуметтік қамсыздандыру ерекшеліктері

Ескерту. 48-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - КР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – КР 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен

кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, әскери, арнаулы оқу орындарының курсанттары, кадеттері мен ұландары бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті органдардың бірінші басшылары бекіткен нормалар бойынша заттай мүлікпен, тамақтандырумен қамтамасыз етіледі.

Демалысқа, каникулға кеткен кезде оларға демалыс, каникул өткізу орнына дейін бару кезеңіне азық-түлік үлесі беріледі.

Қысқа мерзімді демалысқа барған және кері қайтқан кезде мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге, каникулдық демалысқа және тағылымдаға барған кезде, сондай-ақ кері қайтқанда әскери, арнаулы оқу орындарының курсанттарына, кадеттеріне теміржол, автомобиль және ішкі су көлігімен бюджет қаражаты есебінен жол жүру құқығы беріледі. Шетелдік әскери оқу орындарында білім алған жатқан курсанттарға да оқуға жіберілген және каникулдық демалысқа барған кезде және кері қайтқанда әуе көлігімен бюджет қаражаты есебінен жол жүру құқығы беріледі.

Мерзімді қызметтің әскери қызметшілеріне, әскери оқу орындарының бірінші және екінші курстар курсанттарына тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың бірінші басшыларымен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі айқындастырылған мөлшерде пошта жөнелтімдеріне арналған өтемақы да төленеді.

Мерзімді әскери қызмет өткерген және әскери, арнаулы оқу орнында оқыған кезде тұру үшін әскери қызметшілер казармаларға орналастырылады. Курсанттарға, кадеттерге және ұландарға да әскери оқу орнында оқу уақытына жатақхана берілуі мүмкін.

Ескерту. 48-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 04.02.2013 № 75-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

48-1-бап. Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді, әскери оқу орындарының ұландарын, кадеттері мен курсанттарын әлеуметтік қорғаудың ерекшеліктері

Әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын отбасы мүшелері олардың өмірімен және тұрмысымен танысу үшін мерзімді

қызметтегі әскери қызметшілер, сондай-ақ әскери, арнаулы оқу орындарының ұландары, кадеттері мен курсанттары қатарындағы өздерінің жақын туыстарына баруды жалпыәскери жарғыларда белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 48-1-баппен толықтырылды – ҚР 02.10.2023 № 31-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Занымен.

49-бап. Әскери қызметшілердің жекелеген санаттарын қосымша әлеуметтік қамсыздандыру

Жауынгерлік іс-қимылдарға, террорға қары және бітімгершілік операцияларына қатысатын (қатысқан) әскери қызметшілерге және барлау қызметі шеңберінде жүктелген жедел міндеттерді орындауға қатысатын Қорғаныс министрлігі әскери барлау органдарының әскери қызметшілеріне жыл сайынғы демалысына қосылатын ұзақтығы екі апта қосымша демалыс беріледі.

Жауынгерлік іс-қимылдарға және террорға қары операцияларға қатысатын (қатысқан) әскери қызметшілерге жауынгерлік іс-қимылдар және террорға қары операциялар кезеңінде жеңілдіктер шарттарымен еңбек сінірген жылдарына қызметінің бір айы үш ай болып есептеледі.

Бітімгершілік операцияларына қатысатын (қатысқан) әскери қызметшілерге бітімгершілік операцияларына қатысқан кезең жеңілдіктер шарттарымен қызметінің бір айы бір жарым ай болып есептеледі.

Бітімгершілік операциядан қайтып оралғаннан кейін әскери қызметшілер құрылымында өздері әскери қызмет өткеретін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери қуралымдарының қаражаты есебінен кемінде күнтізбелік жеті күн, бірақ жиырма бір тәуліктен аспайтын мерзімге санаторий-курорттық емделуге жіберіледі.

Ескерту. 49-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2015 № 321-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

50-бап. Әскери қызметтен шығарылған азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру

1. Әскери қызметте болудың шекті жасына толуы бойынша, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметтен шығарылған, әскери қызмет міндеттерін орындауға байланысты ауру тапқан, сондай-ақ жиырма және одан көп еңбек сінірген жылдары бар адамдарға бюджет қаражаты есебінен тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың бірінші басшыларымен келісу бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған аурулар тізбесі бойынша көрсеткіштері болған кезде –

әскери-медициналық мекемелерде (ұйымдарда) медициналық қамтамасыз ету, ал жиырма бес және одан көп еңбек сінірген жылдары барларға санаторийлік-курорттық емделу беріледі.

1-1. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамдарға медициналық көмек көрсету бойынша әскери-медицинскандық мекемелердің (ұйымдардың, бөлімшелердің) көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры:

1) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде;

2) "Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде жүзеге асырады.

Осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамдардың тұрғылықты жерінде әскери-медицинскандық мекемелер (ұйымдар, бөлімшелер) немесе оларда тиісті бөлімшелер, мамандар не арнайы жабдық болмаған кезде медициналық көрсетілімдер бойынша медициналық көмекті денсаулық сақтау субъектілері:

1) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде;

2) "Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетеді.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 1 және 2) тармақшаларында көрсетілген медициналық көмекті көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жүзеге асырады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамдар Қарулы Күштерден шығарылған кезде, оның ішінде әскери қызмет өткерген кезеңде азаматтық мамандықтарды менгеру мақсатында әлеуметтік бейімделумен қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметтен шығарылған адамдарды әлеуметтік бейімдеу мақсатында Қорғаныс министрлігі білім беру, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді.

Әскери оқу орындарында өтеусіз негізде педагогикалық қайта даярлаудан офицерлер, аға немесе жоғары сержанттар құрамдары лауазымдарында әскери қызмет өткерген, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі және кемінде он жыл сінірген еңбегі бар, әскери қызметтен шығарылатын немесе шығарылған (әскери қызметке қайта кіру құқығынсыз теріс себептермен шығарылған адамдарды қоспағанда), адамдар өтуге құқылы.

3. Эскери қызметтөн шығарылған адамдардың (Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға байланысты, арнайы тексеруден бас тартқан кезде, теріс себептермен, аттестаттау қорытындысы бойынша анықталған қызметтік сәйкес келмеуі бойынша шығарылғандарды қоспағанда) Қазақстан Республикасының шегінде әскери есепке қойылатын жерге немесе таңдалған түрғылықты жеріне теміржол, автомобиль және ішкі су көлігімен бюджет қаражаты есебінен жол жүргуге құқығы бар.

Әскери қызметтөн шығарылған адамдарға (мерзімді әскери қызметтөн, Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға байланысты, арнайы тексеруден бас тартқан кезде, теріс себептермен, аттестаттау қорытындысы бойынша анықталған қызметтік сәйкес келмеуі бойынша шығарылғандарды қоспағанда) Қазақстан Республикасының шегінде өз мүлкін тасымалдау үшін ақша автомобиль жолының әрбір 20 километріне бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бюджет қаражаты есебінен төленеді.

Осы тармақтың құші, резервтегі әскери адамдарды қоспағанда, 2017 жылғы 13 маусымнан кейін әскери қызметтөн шығарылған адамдарға қолданылады.

Ескерту. 50-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 02.08.2015 № 342-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.06.2017 № 80-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 165-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

50-1-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери қызмет міндеттерін орындауды көзіндегі кепілдіктер

1. Мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген Қазақстан Республикасы азаматтарының:

1) білім беру жеңілдіктерін алу үшін мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді конкурстық іріктеу қағидаларына сәйкес мерзімді әскери қызметті өткеру кезеңінде өткізілетін конкурстық іріктеу негізінде мерзімді әскери қызметтөн шығарылған күннен бастап бір жыл ішінде жоғары әскери, арнаулы оқу орындарына түсуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген квоталар шегінде білім беру жеңілдіктерін алу үшін мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді конкурстық іріктеу қағидаларына сәйкес мерзімді әскери қызметті өткеру кезеңінде өткізілетін конкурстық іріктеу негізінде медициналық, фармацевтикалық және

педагогикалық білімнің білім беру бағдарламаларын қоспағанда, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсуге;

3) мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында немесе дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында немесе мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқудың бірінші жылында жатақханадан орынды басымдықпен алуға ;

4) қызметтен шығарылған құннен бастап екі жыл ішінде ұлттық бірыңғай тестілеу мен емтихандардың нәтижелері ескерілместен ақылы негізде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген квоталар шегінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына түсуге;

6) әскери қызметтен шығарылған кезеңмен тұспа-тұс келетін академиялық кезең ішінде білім беру грантын жоғалтпай, жеке оқу жоспарлары бойынша оқуды жалғастыруға (білім алуды жалғастыру үшін әскерге шақыруды кейінге қалдырудан бұрын бас тартқандарға және әскери қызметке өз қалауы бойынша шақырылғандарға);

7) мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алуға байланысты және "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабының 17-тармағында көзделген жұмыспен өтеу жөніндегі міндettі бюджет қаражаты есебінен жұмсалған, білім алуға байланысты шығыстарды өтемей тоқтатуға құқығы бар.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4), 6) және 7) тармақшаларының күші әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген запастағы офицерлерге де қолданылады.

2. Мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерге мерзімді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейінгі алпыс қунді қамтитын кезеңге банктік қарыз шарттары және (немесе) микрокредит беру туралы шарттар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз және (немесе) микрокредит бойынша сыйақы есептелмей, негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемдерді кейінге қалдыру беріледі.

3. Әскери қызметке (жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскерге шақыруды қоспағанда) немесе әскери жиындарға шақырылған азаматтардың әскерге шақыру бойынша әскери қызметті өткеру немесе әскери жиындар кезеңінде жұмыс орны (лауазымы) сақталады.

Әскери қызмет өткеру кезеңінде жұмыс орны (лауазымы) сақталған азамат әскери қызметтен шығарылуына байланысты әскери бөлім (мекеме) тізімдерінен алып

тасталған күннен бастап бір айдан кешіктірмей өзінің еңбек міндеттеріне кірісуге міндетті.

Ескерту. 50-1-баппен толықтырылды – КР 06.05.2024 № 79-VIII (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – КР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

51-бап. Қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертіккен жағдайда әскери қызметшілерге өтемақы төлеу

1. Әскери қызметін өткери кезеңінде әскери қызметші, жауынгерлік даярлық бойынша сабактарда немесе жиындарда, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындарда болған кезеңдерде резервтегі әскери адам немесе әскери жиындарға шақырылған әскери міндетті қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, оған мүгедектік белгіленген кезде немесе ол әскери қызмет міндеттерін орындауға байланысты мертіккен жағдайда біржолғы өтемақы төлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен жүргізіледі.

2. Әскери қызметші әскери қызмет өткери кезеңінде не әскери қызметтен шығарылғаннан кейін әскери қызмет өткери кезеңінде алған мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузиясы), ауруы салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, әскери қызметшінің мұрагерлеріне – соңғы атқарған әскери лауазымы бойынша бес жылдық ақшалай қаражат мөлшерінде, ал мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшінің, курсант пен кадеттің, жауынгерлік даярлық бойынша сабактарда немесе жиындарда, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындарда болған кезеңдерде резервтегі әскери адамның, әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттінің мұрагерлеріне 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы төлемі жүргізіледі.

Әскери қызметшінің қаза табуына (қайтыс болуына) байланысты біржолғы ақшалай өтемақы оқиға болған күннен бастап үш жыл өткенге дейін төленеді және мүгедектіктің белгіленуіне байланысты бұрын төленген біржолғы ақшалай өтемақыға қарамастан жүзеге асырылады.

2-1. Әскери қызметші қайтыс болған жағдайда "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 1) тармақшасында санамаланған отбасылардың ол жерленген жерге тегін баруға және кері қайтуға (бірақ үш адамнан аспайды), сондай-ақ әскери қызметші қайтыс болған күннен бастап алты ай ішінде отбасы таңдаған түрғылықты жеріне тегін жол жүргуге құқығы бар.

3. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіге оның әскери қызмет өткери кезеңінде немесе әскери қызметтен әскери қызмет өткери кезеңінде алған мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузиясы), ауруы салдарынан шығарылған күннен бастап бір жыл өткенге дейін мүгедектік белгіленген жағдайларда біржолғы ақшалай өтемақы:

- 1) Бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға – отыз айлық ақшалай қаражат;

2) екінші топтағы мүгедектігі бар адамға – он сегіз айлық ақшалай қаражат;

3) үшінші топтағы мүгедектігі бар адамға – алты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде төленеді.

Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде мүгедектікке әкеп соқтырмаған ауыр мертігу (жааралану, жарақаттану, контузия алу) жағдайында оларға бір жарым айлық ақшалай қаражат; жеңіл мертіккенде – жарты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді.

Мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерге, стипендия алатын курсанттар мен кадеттерге, жауынгерлік даярлық бойынша сабактарда немесе жиындарда, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындарда болған кезеңдерде резервтегі әскери адамдарға және әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілерге осы тармақта көзделген жағдайларда:

1) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға – 250 айлық есептік көрсеткіш;

2) екінші топтағы мүгедектігі бар адамға – 150 айлық есептік көрсеткіш;

3) үшінші топтағы мүгедектігі бар адамға – 50 айлық есептік көрсеткіш;

4) ауыр мертіккені үшін – 12 айлық есептік көрсеткіш;

5) жеңіл мертіккені үшін – 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақылар төленеді.

4. Егер әскери қызметшінің қаза табуы (қайтыс болуы) немесе ол алған мертігу:

1) соттың заң күшіне енген үкімі болған кезде өзіне-өзі қол жұмсауға дейін жеткізген жағдайларды қоспағанда, өзіне-өзі қол жұмсау нәтижесінде;

2) қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде;

3) алкогольдік, есірткілік, психотроптық, уытқұмарлық масаң күйді туғызатын заттарды (сол тектестерді) тұтыну салдарынан;

4) өзіне-өзі қасақана қандай да бір дene жаракатын түсіру (денесіне зиян келтіру) немесе біржолғы өтемақы алу немесе әскери қызметтен жалтару мақсатында өз денсаулығына өзге де зиян келтіру нәтижесінде;

5) әскери қызметшінің әскери қызмет өткери турали келісімшарт талаптарын бұзған әрекеттері нәтижесінде;

6) резервтегі әскери қызметті өткери турали келісімшарт талабын бұзған резервтегі әскери адамның әрекеттері нәтижесінде туындағаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, біржолғы өтемақы төленбейді.

5. Әскери қызмет өткери кезінде қаза тапқан немесе әскери қызмет міндеттерін орындау нәтижесінде алған мертігуден (жаараланудан, жарақаттанудан, контузия алудан), ауырудан қайтыс болған әскери қызметшілерді жерлеу әскери қызмет (жиындар) орны бойынша немесе олардың туыстарының тілегі бойынша басқа жерде жүргізіледі. Мәйітті тасымалдауға дайындаумен, мәйітті тасымалдаумен, жерлеумен, құлпытасын жасаумен және орнатумен байланысты барлық шығыстар әскери қызметшілер әскери

қызмет (жиындар) өткөргөн уәкілдегі орган есебінен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерлерде жүзеге асырылады.

Осы тармақта көрсетілген ережелер әскери қызметте болудың шекті жасына толғаннан кейін, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттарды қысқартуға байланысты әскери қызметтен шығарылған, әскери қызметінің жалпы ұзақтығы жиырма бес және одан да көп азаматтарға, сондай-ақ әскери қызметтің жалпы ұзақтығына қарамастан, жауынгерлік іс-қимылдарға және терроризмге қарсы операцияларға қатысуышыларға қолданылады.

6. Әскери қызметшілер арасынан еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы төлемін алушы қайтыс болған жағдайда, оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға алушының қайтыс болған кезіне үш айлық зейнетақы төлемі мөлшерінде біржолғы төлем төленеді.

Қайтыс болған, әскери қызметшілер арасынан еңбек сінірген жылдары үшін зейнетақы төлемін алушылардың отбасы мүшелеріне асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы тағайындалуына қарамастан: зайыбына (жұбайына) – асыраушысының үш айлық зейнетақы төлемі мөлшерінде және отбасының еңбекке қабілетсіз әрбір мүшесіне – асыраушысының қайтқан күніне дейін төленіп тұрған бір айлық зейнетақы төлемі мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.

Осы тармақта көзделген біржолғы жәрдемақы мөлшерін айқындау кезінде жәрдемақыға құқығы бар отбасы мүшелерінің қатарына: жасына және еңбекке қабілеттілігіне қарамастан зайыбы (жұбайы); он сегіз жасқа толмаған немесе бұл жастан асқан, егер оларға он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедектік белгіленген немесе олар асыраушысы қайтыс болған күні күндізгі оқу орындарының оқушылары болып табылған және жиырма үш жасқа толмаған балалары; қайтыс болған адамның асырап-бағуында болып келген, заңнамада белгіленген зейнеткерлік жасқа толған не мүгедектігі бар адамдар болып табылатын ата-аналары енгізіледі.

7. Әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде алған мертігуі (жааралануы, жарақаттануы, контузия алуы) салдарынан денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметтен шығарылған әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын мөлшерде және тәртіппен ай сайын ақшалай төлем жүзеге асырылады.

Ескерту. 51-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.02.2013 № 75-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.04.2014 N 200-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.12.2017 № 114-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.05.2020 № 323-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

52-бап. Әскери қызметшілердің отбасы мүшелерін әлеуметтік қамсыздандыру

1. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің әскери-медициналық мекемелерде (ұйымдарда, бөлімшелерде) медициналық көмек алуға құқығы бар.

Медициналық көмек көрсету бойынша әскери-медициналық мекемелердің (ұйымдардың, бөлімшелердің) көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры:

1) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде;

2) "Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде жүзеге асырады.

2. Курсанттардың, кадеттердің және әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілердің, резервтегі әскери адамдардың отбасы мүшелерін қоспағанда, әскери қызметшілердің өздерімен тұрақты бірге тұратын отбасы мүшелеріне:

әскери қызметші басқа жергілікті жерге, оның ішінде әскери бөлімнің (мекеменің) немесе бөлімшениң құрамында ауысқан;

уәкілетті орган әскери қызметшіні әскери бөлім (мекеме) тізімдерінен алып тастан, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнаулы оқу орындарына, басқа да білім беру ұйымдарына, оның ішінде шетелдік оқу орындарына оқуға жіберген, сондай-ақ үлгерімсіздігі, тәртіпсіздігі үшін, басқа да теріс себептермен немесе өз бастамасы бойынша шығарып жіберу жағдайларын қоспағанда, оқу бітіргеннен кейін;

Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуға байланысты, арнайы тексеруден бас тартқан кезде, теріс себептермен, аттестаттау қорытындысы бойынша анықталған қызметтік сәйкес келмеуі бойынша қызметтен шығаруды қоспағанда, әскери қызметші әскери қызметтен шығарылған жағдайларда, теміржол, автомобиль және ішкі су көлігімен бюджет қаражаты есебінен жол жүрү құқығы беріледі.

3. Әскери қызметшілердің, оның ішінде қызмет өткеру уақытында қаза тапқандардың, қайтыс болғандардың немесе хабар-ошарсыз кеткендердің балаларына жергілікті атқарушы органдар тұрғылықты жері бойынша мектепке дейінгі балалар мекемелерінде кезектен тыс орындар береді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақтың екінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан немесе мүгедек болып қалған, қызмет өткеру уақытында хабар-ошарсыз кеткен әскери қызметшілердің балалары әскери колледждерге, "Жас ұлан" республикалық мектебіне конкурстан тыс қабылдану құқығын пайдаланады.

4. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметші, мерзімді қызметтің әскери қызметшісі, курсант, кадет, әскери жиындарға шақырылған әскери міндетті, жауынгерлік даярлық бойынша сабактарда немесе жиындарда және дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындарда жүрген резервтегі әскери адам әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде алған мертігуі (жарапануы, жарақаттануы, контузия алуы) салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшінің отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын мөлшерде және тәртіппен ай сайын ақшалай төлем жүзеге асырылады.

Ай сайынғы ақшалай төлем балаларға (оның ішінде асырап алған балаларына, бірге тұратын өгей балаларына) – олар көмелеттік жасқа толғанға дейін немесе жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіндегі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі оқу орнын күндізгі нысанда аяқтағанға дейін жиырма үш жастан аспайтын шекте, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде көзделген асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақылардың төленуіне қарамастан, жұбайына (зайыбына) өмір бойы төленеді.

Әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде алған мертігуі (жарапануы, жарақаттануы, контузиясы) салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған), келісімшарт бойынша әскери қызмет өткерген әскери қызметшінің, мерзімді қызметтің әскери қызметшісінің, курсанттың, кадеттің, әскери жиындарға шақырылған әскери міндетті адамның, жауынгерлік даярлық бойынша сабактарда немесе жиындарда және дағдарыстық ахуал кезіндегі жиындарда болған резервтегі әскери адамның жұбайына (зайыбына) төленетін ай сайынғы ақшалай төлем ол қайтадан некеге тұрған жағдайда тоқтатылады.

Ай сайынғы ақшалай төлем оны алуға құқығы бар адам өтініш берген күннен бастап жүзеге асырылады.

Ескерту. 52-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2017 № 80-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.04.2023 № 226-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

9-тарау. ЭСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ

53-бап. Эскери қызметшілердің жауаптылығы

1. Эскери тәртіпті бұзғаны үшін командир (бастық) эскери қызметшіге тәртіптік жазалардың:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту;
- 5) лауазымында бір сатыға төмendetу;
- 6) эскери атағын бір сатыға төмendetу;
- 7) теріс себептер бойынша эскери қызметтен босату түрлерін қолданады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілгендерден басқа, мерзімді эскери қызметтегі эскери қызметшілерге, курсанттар мен кадеттерге қатысты тәртіптік жазалардың мынадай түрлері қолданылады:

- 1) эскери бөлім орналасқан жерден немесе корабльден жағалауға кезекті сейілге шығудан айыру;
- 2) Қарулы Күштердің, басқа да эскерлер мен эскери құралымдардың қеуде айырым белгісінен айыру.

3. Алып тасталды – ҚР 16.07.2025 № 211-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Осы Заңның 26-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша эскери қызметтен шығаруды қоспағанда, теріс себептермен эскери қызметтен шығару әскерге шақыру бойынша эскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге қатысты қолданылмайды.

5. Эскери қызметшілерді тәртіптік жауаптылықта тарту жалпы әскери жарғыларда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 53-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

53-1-бап. Эскери қызметшілердің материалдық жауаптылығы

1. Эскери қызметшілер өздерінің кінәсінен келтірілген материалдық залал үшін ғана материалдық жауаптылықта болады.

Эскери қызметтік міндеттерін атқару кезінен тыс залал келтірген әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауаптылықта болады.

Еңсерілмейтін күш және құқыққа сыйымды әрекеттер салдарынан келтірілген материалдық залал үшін әскери қызметшілерді материалдық жауаптылықта тартуға жол берілмейді.

2. Әскери қызметтік міндеттерін атқару кезінде абайсызда келтірілген материалдық залал үшін:

1) мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді, курсанттар мен кадеттерді, әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілерді, резервтегі әскери адамдарды қоспағанда, әскери қызметшілер, сондай-ақ офицерлік құрамның әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілері – өздері келтірген залал мөлшерінде, бірақ тоғыз айлық ақшалай қаражаттан аспайтын мөлшерде;

2) мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілер, курсанттар мен кадеттер – өздері келтірген залал мөлшерінде, бірақ бес айлық ақшалай ризықтан (стипендиялардан) аспайтын мөлшерде;

3) әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілер, резервтегі әскери адамдар – өздері келтірген залал мөлшерінде, бірақ өзінің бір айлық жалақысынан аспайтын мөлшерде материалдық жауаптылықта болады.

3. Әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда толық материалдық жауаптылықта болады.

Ескерту. 53-1-баппен толықтырылды - ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 18.03.2025 № 175-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

54-бап. Әскери қызметшілердің қылмыстар, теріс қылықтар және өзге де құқық бұзушылықтар үшін жауаптылығы

Әскери қызметшілер қылмыстар, теріс қылықтар және өзге де құқық бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауаптылықта болады.

Әскери қызметшілердің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары түрған лауазымды адамдарға, сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. 54-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.06.2020 № 351-VI Заңымен (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

10-тарау. ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

55-бап. Өтпелі ережелер

1. Осы Заң, 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 44-баптың 2, 4 және 7-тармақтарын және 45-бапты қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін әскери атақтар берілген әскери қызметшілердің осы әскери атақтардағы еңбек сіңірген мерзімдері осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қолданыста болған заннамаға сәйкес есептеледі.

Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін өздеріне берілген "старшина", "аға кеме старшинасы", "прапорщик", "мичман", "аға прапорщик", "аға мичман" әскери атақтары бар, запаста тұрған немесе отставқадағы әскери қызметшілердің, сондай-ақ азаматтардың аталған әскери атақтары сақталады.

3. Осы Заңда әскери қызметте болудың шекті жасы өзгертілген әскери қызметшілер мынадай шекті жасқа:

- 1) подполковникті (екінші дәрежелі капитанды) қоса алғанда – қырық бес жасқа;
- 2) полковники (бірінші дәрежелі капитандар) – елу үш жасқа;
- 3) әскери атақ 2005 жылғы 21 шілдеге дейін берілген полковники (бірінші дәрежелі капитандар) – елу жасқа;
- 4) әскери атақ осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін берілген генерал-майорлар (контр-адмиралдар) және генерал-лейтенанттар (вице-адмиралдар) – елу сегіз жасқа;
- 5) әскери атақ 2005 жылғы 21 шілдеге дейін берілген генерал-майорлар (контр-адмиралдар) және генерал-лейтенанттар (вице-адмиралдар) – елу бес жасқа;
- 6) әскери атақ осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін берілген генерал-полковники (адмиралдар) – алпыс жасқа толғаннан кейін жұмыстан шығуға немесе отставкаға шығуға құқылы.

Егер мұндай әскери қызметшілерге осы Заң қолданысқа енгізілгеннен кейін кезекті әскери атақтар берілсе, онда әскери қызметте болудың шекті жастары осы Заңның 25-бабына сәйкес белгіленеді.

3-1. Әскери қызметті "старшина", "аға кеме старшинасы", "прапорщик", "мичман", "аға прапорщик", "аға мичман" атақтарында өткерген әскери қызметшілер әскери қызметін Әскери қызметті өткеру қағидаларында айқындалатын тәртіппен өткереді. Әскери қызметшілердің аталған санаты үшін осы Заңның 25-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген жас әскери қызметте болудың шекті жасы болып табылады

3-2. "Подполковник" әскери атағы осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап және 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін берілген әскери қызметшілер шекті жасқа – қырық жеті жасқа толғаннан кейін қызметтен шығуға немесе отставкаға кетуге құқылы.

4. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасаған әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт, өз қолданысын осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қолданылатын заннамаға сәйкес мерзімі аяқталғаннан кейін тоқтатады.

Әскери қызметте болудың шекті жасына толғанға дейінгі мерзімге осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттардың күші әскери қызметшілер осы Заңның 25-бабының 1-тармағында белгіленген шекті жастарға толғанға дейін қолданылады.

5. Тұрғын үй төлемдері тұрғынжайға мұқтаж, келісімшарт бойынша әскери қызмет өткөретін әскери қызметшілерге (курсантар мен кадеттерді, әскери жиындарға шақырылған әскери міндептілерді, жауынгерлік даярлық бойынша сабактарда немесе жиындарда және дағдарыстық ахуал кезіндегі жиындарда болған резервтегі әскери адамдарды қоспағанда) олардың баянаты бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органының қызметкерін және әскери қызметшіні тұрғын үймен қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес жүргізледі.

6. Әскери қызметте күнтізбелік есептеумен жиырма және одан көп жыл болған және жекешелендіруге жатпайтын, оның ішінде жабық және оқшауланған әскери қалашықтардың, шекара бөлімшелерінің және өзге де жабық объектілердің аумағында орналасуы салдарынан жекешелендіруге жатпайтын қызметтік тұрғынжайды тұратын және әскери қызметте болудың шекті жасына толуына, денсаулық жағдайына немесе штаттардың қысқартылуына байланысты 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін әскери қызметтен шығарылған адамдардың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Ақшалай өтемақыны жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ақшалай өтемақы алуға құқығы бар.

Осы тармақта аталған адам қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, ақшалай өтемақы алу құқығы қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасы мүшелеріне өтеді.

6-1. Әскери қызметте күнтізбелік есептеумен он және одан көп жыл, бірақ жиырма жылдан аз болған және жекешелендіруге жатпайтын, оның ішінде жабық және оқшауланған әскери қалашықтардың, шекара бөлімшелерінің және өзге де жабық объектілердің аумағында орналасуы салдарынан жекешелендіруге жатпайтын қызметтік тұрғынжайды тұратын және әскери қызметте болудың шекті жасына толуына, денсаулық жағдайына немесе штаттардың қысқартылуына байланысты 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін әскери қызметтен шығарылған адамдарға "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 96-бабында белгіленген мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайлармен алмасу тәртібі қолданылады.

Осы тармақта аталған адам қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, тұрғынжай айырбастау құқығы қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасы мүшелеріне өтеді.

7. Әскери қызметте күнтізбелік есептеумен жиырма және одан көп жыл болған, қызметтен шығару кезінде қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз етілмеген және тұрғынжайды жекешелендіру құқығын бұрын іске асырмаған, әскери қызметте болудың шекті жасына толуына, денсаулық жағдайына немесе штаттардың қысқартылуына байланысты 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап 2018 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде әскери қызметтен шығарылған адамдардың Ақшалай өтемақыны жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ақшалай өтемақы алуға құқығы бар.

Осы тармақта аталған адам қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, ақшалай өтемақы алу құқығы қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасы мүшелеріне өтеді."

8. Алып тасталды – ҚР 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9. 2013 жылғы 1 қантарға дейін қатардағы және сержанттық құрамдардың әскери лауазымдарына келісімшарт бойынша әскери қызметке алғаш рет кіретін азаматтарға жасасатын келісімшарт мерзіміне байланысты мынадай мөлшерде біржолғы ақшалай сыйақы төленеді:

3 жылға – 1 лауазымдық айлықақы мөлшерінде;

5 жылға – 10 лауазымдық айлықақы мөлшерінде;

10 жылға – 20 лауазымдық айлықақы мөлшерінде.

Көрсетілген ақшалай сыйақыларды төлеу келісімшарт жасаған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

Алынған біржолғы ақшалай сыйақы:

1) осы Заңың 26-бабы 1-тармағының 7), 9) және 11) тармақшаларында көзделген жағдайларда әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт мерзімі өткенге дейін әскери қызметтен шығарылған кезде;

2) егер әскери қызметті одан әрі өткерумен сыйыспайтын жарапануы, контузиясы, жарақаты, мертігуі немесе ауруы әскери қызметші заңға қарсы іс-қимыл жасаған немесе алкогольдік, есірткілік, уытты масандануы немесе өзіне қандай да бір дене жарақатын (дene мүшесіне зақым келтіру) немесе әскери қызметтен жалтару мақсатында өз денсаулығына өзге де зиян келтіруі себебінен болғаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, қайтаруға жатады.

Төленген біржолғы ақшалай сыйақыны қайтару әскери қызметші әскери қызмет өткерген мемлекеттік органға әскери қызметтен шығарылған күннен бастап бір ай мерзімде жүргізіледі.

Әскери қызметші әскери қызмет өткерген кезеңде қаза тапқан (қайтыс болған), әскери қызметті одан әрі өткерумен сыйыспайтын жарапанған, контузия, жарақат алған, мертіккен немесе ауырған жағдайда біржолғы ақшалай сыйақыны қайтару жүргізілмейді.

9-1. Осы Заңың 52-бабы 4-тармағының күші қаза тапқан (қайтыс болған), келісімшарт бойынша әскери қызмет өткерген әскери қызметшілердің, мерзімді қызметтің әскери қызметшілерінің, курсанттардың, кадеттердің, әскери жиындарға шақырылған әскери міндептілердің, жауынгерлік даярлық бойынша сабактарда немесе жиындарда және дағдарыстық ахуал кезіндегі жиындарда болған резервтегі әскери адамдардың 2022 жылғы 1 қантарда жесір әйелдері (тұл ерлері) мен балалары болып табылған адамдарға да қолданылады.

10. Осы Заң қолданысқа енгізілген сәттен бастап:

1) "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1993 жылғы 20 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 2, 32-

құжат; № 18, 429-құжат; 1995 ж., № 20, 120-құжат; № 22, 133-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; № 23, 920-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2003 ж., № 15, 135-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 2-3, 8-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 16, 129-құжат);

2) "Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 14, 60-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2010 ж., № 10, 48-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 17, 136-құжат; 2011 жылғы 15, 16 қарашада "Егемен Қазақстан" және 2011 жылғы 15, 16 және 19 қарашада "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы) күші жойылды деп танылсын.

Ескерту. 55-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 23.04.2014 N 200-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.12.2017 № 114-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 16.11.2020 № 375-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2022 № 114-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

Қазақстан Республикасының
Президенті

H. НАЗАРБАЕВ